Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 35 (1298)

11.09.2026

@ alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

# ҚЫРҒЫЗСТАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІСІН РЕСМИ ТҮРДЕ МОЙЫНДАДЫ

***ҚЫРҒЫЗСТАНДА 31 ТАМЫЗ БЕН 6 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДА VI ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ. БІР АПТАҒА СОЗЫЛҒАН ДҮБІРЛІ ДОДАНЫҢ СОҢЫ ЖЕҢІСТІ БӨЛІСЕ АЛМАЙ, ТАЛАСПЕН АЯҚТАЛДЫ. СЕБЕБІ ЕКІ ЕЛДІҢ АЛТЫН МЕДАЛЬ САНЫ ӘРТҮРЛІ ЕСЕПТЕЛІП, ҚЫРҒЫЗСТАН БІРІНШІ ОРЫН, АЛ ҚАЗАҚСТАН ЕКІНШІ ОРЫНДА ДЕП ХАБАРЛАНДЫ.***

***АЛАЙДА ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, ҚАЗАҚСТАН 2026 ЖЫЛҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНДА ЖАЛПЫ КОМАНДАЛЫҚ ЕСЕПТЕ БІРІНШІ ОРЫН ИЕЛЕНДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ МӘЛІМДЕДІ – ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ STAN.KZ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ.***



6 қыркүйек күні жеті күнге созылған көшпенділер ойындары аяқталды. Қазақстанның туризм және спорт министрлігі біздің елдің құрамасын жеңімпаз деп таныды. Олардың мәліметінше, қазақ спортшылары 74 медаль жеңіп алған: 32 алтын, 20 күміс және 22 қола. Ал 30 алтын медаль алған Қырғызстан екінші, жеті алтынмен Ресей үшінші орынға жайғасқан.

*“Ойындар қорытындысы бойынша қазақстандық спортшылар 74 медаль жеңіп алды. Оның ішінде 32 алтын, 20 күміс және 22 қола жүлде бар. Қазақстандық спортшылар аударыспақ, жамбы ату, қазақ күресі, алыш, армрестлинг, арқан тартыс, тоғызқұмалақ, мангала, дәстүрлі садақ ату, ат жарысы және басқа да ұлттық спорт түрлерінен жеңімпаз және жүлдегер атанды. VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 113 елден 3 мыңға жуық спортшы қатысты”,* – делінген министрлік жазбасында.

Десе де Қырғызстан тарапы медаль есебін басқаша жүргізген. Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ресми парақшасында жарияланған кестеде Қырғызстан 30 алтынмен бірінші, ал Қазақстан 29 алтынмен екінші орында тұр. Кейін бұл талқыға түсіп, ол Instagram парақшадан екі рет өшірілді.

Қазақстанның спорт министрлігі 32 алтын дұрыс нәтиже екенін айтып отыр.

Ал Қырғызстанның Спорт министрлігі көшпенділер ойынында ресми медаль және жалпыкомандалық есеп жүргізілмейтінін айтты. Олардың мәліметінше, Ойындар мемлекеттердің жалпы рейтингтегі орын үшін бәсекесіне емес, дәстүрлі спорт пен мәдени байланысты дамытуға бағытталған.

### САРАПШЫ НЕ ДЕЙДІ?

Негізгі мәселе 29 немесе 32 деген сандарда емес. Спорт сарапшысы Айдос Рымқұлдың айтуынша, *“Қырғызстан тарапы Ойындар басталмай тұрып бір-бірімен бәсекелестіруден гөрі халықтар арасындағы достықты, мәдени және спорттық байланысты нығайтуға бағытталғанымен түсіндірді. Егер ұйымдастырушылар осы ұстанымды басынан аяғына дейін сақтағанда, оған қатысты сұрақ туындамас еді. Алайда жарыс басталған соң ұйымдастырушылардың өзі медаль кестесін жүргізіп, оны бірнеше күн бойы жариялап отырды”*, – дейді спорт сарапшысы.



Десе де кейін Қазақстан алға шыққанда кестенің жаңартылуы тоқтаған.Сарапшының айтуынша, мәселе нақты медаль санынан бұрын есеп жүргізу жүйесінің *жалпыкомандалық медаль есебі жүргізілмейтінін айтқан еді. Мұны Көшпенділер ойындарының негізгі концепциясы мемлекеттерді* ашықтығында болып отыр. Айдос Рымқұлдың айтуынша, биыл өткен көшпенділер ойындарында ашықтық жетіспеді.

### ЖАРЫС БАСТАЛҒАННАН КЕЙІН МЕДАЛЬДАРДЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІН ӨЗГЕРТУГЕ БОЛМАЙДЫ

Спорт сарапшысы Айдос Рымқұлдың пікірінше, Спорттық жарыста ереже алдын ала белгіленіп, жарыс соңына дейін сол тәртіп сақталуы керек. Сондықтан спортшылар жарысты аяқтап, жеңімпаздар анықталған соң медальдарды есептеу принципін өзгерту дұрыс тәжірибе емес.

*“Медальдарды есептеу тәртібі Қырғызстанның жалпыкомандалық есепте Қазақстаннан озуына әсер етті ме деген күмән туғызды. Мұны нақты факт ретінде айту үшін ресми құжаттар қажет. Сол себепті ұйымдастырушылар барлық қорытынды хаттамаларды және медальдарды есептеу тәртібін ашық жариялап, 29 бен 32 алтын арасындағы айырмашылықтың нақты неден пайда болғанын түсіндіруі керек”,* – деді сарапшы.

**“Регламентте тоғызқұмалақ, овари және мангала спорттарының әрқайсысынан төрт алтын жүлде сарапқа салынатыны көрсетілген. Қазақстан осы спорт түрлерінен алты алтын алған соң жалпыкомандалық есепте алға шыққан. Сосын Қырғызстан өзі алға шығу үшін осы әрекетке барды деп ойлаймын. Қазақстан ғана шұласа білінбей қалар еді. Алайда көршілеріміз Қазақстанмен жарысып жүріп Венгрияның жамбы атудан алған алтынын, Нигерия мен Гананың алтындарын да есепке кіргізбеген. Сондықтан ашық түрде хаттамалар көрсетілуі тиіс”, – дейді спорт сарапшысы.**

Қырғызстан президенті әкімшілігінің мәліметінше, Қазақстан 2026 жылғы Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында жалпы командалық есепте бірінші орынды еш талассыз иеленді.

«***Командалық есепте медальдарды санау кезінде техникалық сәйкессіздік орын алды. Бүгін ұйымдастыру комитеті Қазақстанның үш спортшысының әрқайсысы жеңіп алған медальдарды жеке есепке алу туралы шешім қабылдады. Осылайша, жалпы командалық есепте бірінші орынды Қазақстан иеленді. Қазақ бауырларымызды жеңісімен құттықтаймыз!»*** – деп хабарлады Sputnik Қырғызстан.

**«Алатау-ақпарат»**

**ЖУРНАЛИСТ ҚАЖЕТ!**

«Алатау» газетіне қазақ тілінде сауатты әрі сапалы материал жаза алатын журналист қажет.
Журналистика саласына қызығушылығы бар, ел ішіндегі жаңалықтарды, өзекті мәселелерді көтеріп, мазмұнды мақала жаза алатын азаматтарды жұмысқа шақырамыз.
**Байланыс телефоны: +7 701 140 7573**

**БАСПАСӨЗ - 2026**

*Жазылу бағасы:*

редакция арқылы
**6 айға – 2 106 теңге.**
«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға
**6 айға – 3 275,48 теңге.**
«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға
**6 айға – 4 462,64 теңге.**

*Цена подписки:*

через редакцию
**на 6 месяцев – 2 106 тенге.**
через «Казпочту» для физических лиц
**на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.**
через «Казпочту» для юридических лиц
**на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.**




Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534

# ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АЭС-ТІ САЛУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Владивостокта өткен Шығыс экономикалық форумы аясында Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясын жобалау, жабдықтау және салу жөніндегі келісімге қол қойылды, деп хабарлайды Arnapress.kz ҚР Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне сілтеме жасап.

Құжатқа "Қазақстан атом электр станциялары" компаниясы мен "Росатомның" еншілес кәсіпорны - "Атомстройэкспорт" АҚ қол қойды. Келісімшарт АЭС құрылысы жобасының практикалық кезеңге өткенін білдіреді. Алдағы уақытта қажетті мемлекеттік келісу рәсімдері жүргізіледі. Жоба Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар құрылыс барысында отандық кәсіпорындар мен мамандарды барынша тарту көзделіп отыр.

### ҚАЗАҚСТАН МЕН ӘЗЕРБАЙЖАН КАСПИЙДЕ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫН ЖАНДАНДЫРМАҚ

АСТАНА. KAZINFORM - Бұл туралы Қазақстанның Әзербайжандағы Елшісі Әлім Байел мәлімдеді. Дипломаттың айтуынша, Қазақстан тарапы Әзербайжанға Құрық – Баку – Құрық порттары паром желісінде жолаушылар тасымалын қайта бастауды ұсынды. 2020 жылға дейін жүзеге асырылған бұл тасымалдар COVID-19 пандемиясына байланысты тоқтатылған болатын. Әлім Байел паромдық тасымалдау тоқтағанға дейін Каспий теңізі арқылы жылына 1500-ге жуық жолаушы жүргенін атап өтті. Ол алдағы уақытта осы бағыт бойынша саяхаттауға ниет білдірген жолаушылардың саны артатынана сенім білдірді. Паром желісін қайта іске қосу екі ел арасындағы жолаушылар қатынасының дамуына серпін береді, туристік алмасуды күшейтеді және орта дәліздің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

### САРА МЕН БІРЖАН АЙТЫСЫНЫҢ 155 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ АЙТЫС

Жетісу өңірінде ұлы ақын Сара Тастанбекқызының мұрасына арналған жас өрімдер мен оқушылар арасындағы сөз сайыстары мен айтыс өнерінің дәстүрлері өскелең ұрпақ арасында жиі ұйымдастырылып келеді. Мақсаты: Жас талапкерлердің суырыпсалмалық қабілетін шыңдау, ақын Сара Тастанбекқызының өнері мен рухани мұрасын дәріптеу.Қатысушылар: Облыс мектептерінің оқушылары, жас ақындар. Жетісу облысындағы жас ақындар айтысына іріктеу 2026 жылдың 10 қыркүйегінде, ал айтыс Қапал мәдениет үйінде 11 қыркүйекте өтеді.Бұл іс-шара өнер тарихындағы теңдессіз мұра — әйгілі «Біржан мен Сара» айтысының желісімен жас таланттардың басын қосып, ұлттық өнерді дәріптеу. Ұйымдастырушылар Жетісу облысының білім басқармасы, «Жетісу дарыны» облыстық оқу-әдістемелік орталығы және М. Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі.

### ЖЕНЕВАДА СЕМЕЙ КЕЛІСІМІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫН ӨТТІ

Қазақстанның БҰҰ Женевадағы бөлімшесі жанындағы Тұрақты өкілдігі Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан дипломаттарымен бірлесіп, Семей келісімінің 20 жылдығына арналған жиын өткізді. Басқосу Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құру туралы келісімге қол қойылғанына 20 жыл толуына орай ұйымдастырылды, деп хабарлайды Kazinform тілшісі.

Жиынға Африка, Латын Америкасы мен Кариб бассейні, Оңтүстік-Шығыс Азия және Тынық мұхитының оңтүстігіндегі ядролық қарудан азат аймақтарға кіретін мемлекеттердің өкілдері қатысты. Сондай-ақ басқосуға ядролық державалар, Қарусыздану жөніндегі конференцияға мүше елдер мен халықаралық әрі үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері жиналды. Айта кетейік, халықаралық деңгейде «Семей келісімі» деп аталатын құжатқа 2006 жылғы 8 қыркүйекте Семейде Орталық Азияның бес елінің сыртқы істер министрлері қол қойған.

### РЕНУАР МУЗЕЙІНЕ ҰРЫ ТҮСТІ: 9 МЛН ЕУРОЛЫҚ КАРТИНАЛАР ҚОЛДЫ БОЛДЫ

АСТАНА. KAZINFORM — Францияның Кань-сюр-Мер қаласындағы Пьер Огюст Ренуар музейінен екі картина ұрланды. Қалалық биліктің мәліметінше, музейге екі қылмыскер басып кірген. Бұл туралы BBC жазды. Бастапқыда төрт картина ұрланды деген ақпарат тараған. Алайда кейін екі туындыны қылмыскерлер қашып бара жатқан кезде музейдің бақшасына тастап кеткені анықталды. Музейдегі дабыл жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 5:48-де іске қосылған. Бейнебақылау камералары ғимарат ішінде екі бөгде адамның жүргенін тіркеген. Полиция дабылдан бес минут өткен соң музейге жеткенімен, күдіктілер бұл уақытта оқиға орнынан қашып үлгерген. Мәрдің айтуынша, бастапқы есеп бойынша ұрланған картиналардың жалпы құны шамамен 9 млн еуроны құрайды (10,5 млн доллар). Бұған дейін Вена музейінен 600-ден астам гауһар тасы бар алқа ұрланған болатын.

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ЖОЛ САПАСЫНА ҚАТЫСТЫ ВИДЕОКӨРІНІС

Тұрғынның айтуынша, жолда ойықтар көп. Ол кейбір жерлерде ойықтың тереңдігі шамамен 15 сантиметрге жететінін айтты. Жүк көліктері көп қатынайтыны жол жамылғысына әсер ететінін айтқан тұрғын билік өкілдерінен шара қолдануды сұрады. Облыс әкімінің коммуникация жөніндегі кеңесшісі Мәди Шәкеновтің сөзінше, бұл — Талдықорған — Үштөбе — Быжы — Мұқыры тасжолы. "Белгіленген талаптар мен кепілдік шарттарына сәйкес бұл жолды жөндеу жұмысы қазан айының ортасына дейін аяқталады", — деді Мәди Шакенов. Оның айтуынша, жағдай бақылауда. Ол жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жолдың жағдайы реттеледі деп отыр. Еске салайық, Жетісуда лай көшкіні «Сарыөзек — Көктал» жолының учаскесін шайып кеткен еді.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# ПРЕЗИДЕНТ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫ МӘДИНА ӘБІЛҚАСЫМОВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ

***Ақорда. Мемлекет басшысы қаржы нарығын реттеу мен дамытудың биылғы 8 айдағы нәтижелері және алдағы кезеңге арналған міндеттер туралы есепті тыңдады.***



Агенттік қадағалау қызметі шеңберінде 8 айда қаржы секторы субъектілеріне 279 инспекторлық тексеру жүргізген. 190 қадағалау шарасы қолданылып, 465 миллион теңге сомасында айыппұл салынған. Микроқаржыландыру және коллекторлық агенттіктер нарығында жұмыс істейтін 13 субъекті лицензиясынан айырылып, алтауының лицензиясы уақытша тоқтатылып, 4 коллекторлық агенттік тізілімнен шығарылды. Президентке сондай-ақ халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту және экономиканы қаржыландыруды кеңейту шаралары жөнінде мәлімет берілді. Жыл соңына дейін азаматтардың арыз-шағымдарын қарау үшін Бірыңғай қаржы омбудсмені кеңсесі жұмыс істей бастайды.Қасым-Жомарт Тоқаев қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторларын кредиттеуді арттыру, сондай-ақ капитал мен сақтандыру нарығын одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

# ТАЛДЫҚОРҒАНДА ҚАЛДЫҚ ӨҢДЕЙТІН ЗАМАНАУИ КЕШЕН САЛЫНАДЫ




***Жетісу облысында жеке инвестициялар есебінен Талдықорған қаласында қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және термиялық кәдеге жарату бағытында заманауи кешен құру жоспарлануда, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

– Бірінші кезеңде Сарқан және Үшарал қалаларында полигондар салу, сондай-ақ Текелі қаласындағы полигонды рекультивациялау жобалары әзірленді. Ал Талдықорған қаласында қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және термиялық кәдеге жарату бойынша заманауи кешен салу негізгі жобалардың қатарында. Жобаға 11 млрд теңге жеке инвестиция тартылып, 70 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда. Бұл кешен Талдықорған қаласына, Ескелді, Қаратал, Көксу аудандарына, сондай-ақ Текелі қаласына қызмет көрсету үшін пайдаланылмақ. Аталған аумақта жыл сайын шамамен 120 мың тонна қалдық түзіледі, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Диас Досмұханов.

# ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА ЖАҢА ТАРИФТЕР 10 ҚЫРКҮЙЕКТЕН ЕНГІЗІЛУІ МҮМКІН

***Қазақстанда энергия өндіруші ұйымдардың өтініштеріне байланысты электр энергиясына белгіленген шекті тарифтер қайта қаралмақ, деп хабарлайды Arnapress.kz “Ашық НҚА” порталына сілтеме жасап.***



Құжатқа сәйкес, тарифтерді қайта қарауға 60 энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын өндіру бойынша шекті тарифтерді түзету туралы өтініштері негіз болған. Қазіргі таңда тарифтердің нақты қаншаға өзгеретіні және өзгерістердің қай өңірлерге әсер ететіні нақтыланбаған. Бұйрық жобасы 2026 жылғы 6 қыркүйекке дейін қоғамдық талқылауда болды. Құжат қабылданған жағдайда, энергия өндіруші ұйымдар үшін жаңа тарифтерді қолдану мерзімі 2026 жылғы 10 қыркүйек деп көрсетілген.

# ОРНЫ ТОЛМАС АУЫР ҚАЗА



Құрметті өнер сүйер қауым! Қазақ өнерінің жарық жұлдызы - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі композитор, жезтаңдай әнші, Ескелді және Кербұлақ аудандарының Құрметті азаматы **Ағайша Исағұлованың** қазасы туралы хабарды біз де терең күйзеліспен қабылдадық. Дінмұхамет Қонаев атамыздың өзі «Біртуар талант» деп бағалаған, артына өшпес өнер мен өнегелі із қалдырған, қазақ жігіттерін "bahадұр батыр" деп танып аяулы өнер иесінің отбасына, туған-туыстарына, әріптестеріне, жақындарына қайғыра көңіл айтамыз.

Марқұмның жаны жәннаттың төрінде болсын! Иманы жолдас болсын! Алла топырағын жеңіл, қабірін жарық етсін!

**«Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамы**

# НОВОГО АКИМА ГОРОДА НАЗНАЧИЛИ В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ



***В области Жетісу назначен новый аким города Текели. Им стал 44-летний Айдос Бекетаев, который ранее руководил управлением энергетики и ЖКХ, передает NUR.KZ со ссылкой на акимат региона.***

Как сообщается на официальном сайте ведомства, по согласованию с Администрацией президента и депутатами городского маслихата акимом города Текели назначен 44-летний Айдос Бекетаев.

Нового руководителя представил активу Текели глава региона Бейбит Исабаев. Также он выразил благодарность Алмасу Адилю, проработавшему 4 года акимом Текели и освобожденному от должности в связи с переходом на другую работу, за вклад в социально-экономическое развитие города.

Айдос Бекетаев родился в 1982 году. Образование - высшее. Окончил университет "Туран", Жетысуский государственный университет им. Жансугурова, Восточно-Казахстанский технический университет им. Серикбаева по специальностям: финансы, государственное и местное управление, магистр техники и технологии.

Трудовой путь начал менеджером ТОО "Ерсак" в Алматы. Деятельность на государственной службе ведет с 2010 года.

В разные годы работал главным специалистом отдела благоустройства, руководителем отдела коммунального хозяйства аппарата акима, заместителем акима Туркисибского района Алматы.

С октября 2023 года по настоящее назначение был руководителем Управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства области Жетісу.

# КАМЕРЫ С ИИ НАШЛИ РАЗЫСКИВАЕМОГО И 13 ПОДНАДЗОРНЫХ

***Камеры видеонаблюдения с функцией распознавания лиц помогают полиции области Жетісу оперативно устанавливать личности граждан, находящихся в поле зрения правоохранительных органов. С начала года система зафиксировала 82 возможных совпадения, 23 из которых после проверки подтвердились, передает корреспондент Kazinform.***



*В числе установленных лиц оказались 13 граждан, состоящих на пробационном контроле, один разыскиваемый, два ранее судимых лица и пять должников. Еще в двух случаях с помощью системы были установлены иные правонарушения.В полиции отмечают, что внедрение технологий искусственного интеллекта является одним из направлений цифровизации правоохранительной деятельности и способствует повышению уровня общественной безопасности в регионе.*

# «УСТАЛИ ЖИТЬ ПО НОВОМУ ВРЕМЕНИ»




***Казахстанцы потребовали проверить влияние часового пояса на здоровье. Авторы инициативы связывают необходимость исследования с жалобами казахстанцев на усталость, сонливость и ухудшение самочувствия, сообщает Exclusive.kz со ссылкой на петицию на официальной платформе ePetition.kz.***

Петиция опубликована 7 сентября и адресована Министерству здравоохранения. Ее авторы требуют провести исследование в течение трех лет, ссылаясь на прежние заявления министра торговли и интеграции Армана Шаккалиева. Он говорил, что окончательные выводы о последствиях изменения часового пояса можно будет делать после трехлетнего наблюдения.Отдельно авторы призвали Минздрав не отказываться от исследования из соображений экономии бюджетных средств. На момент публикации петиция набрала 362 подписи из необходимых 50 тысяч. Сбор голосов продлится до 7 марта 2027 года.

# ПАМЯТНИК НАЗАРБАЕВУ ОСТАВЯТ НА МЕСТЕ

***Памятник первому президенту Казахстана Нурсултану Назарбаеву в Парке Первого Президента в Алматы не будут демонтировать или переносить в рамках масштабной реконструкции. Монумент останется на прежнем месте, сообщает Exclusive.kz со ссылкой на Ulysmedia.***



Вопрос о судьбе памятника возник после начала масштабного обновления парка. В акимате Алматы на запрос издания сообщили, что никаких изменений в отношении монумента не планируется.Парк Первого Президента в Алматы сейчас закрыт на реконструкцию. Проект предусматривает обновление инженерной инфраструктуры, системы полива, пешеходных маршрутов и зон отдыха, благоустройство и дополнительное озеленение. Парк занимает около 62,4 гектара и не проходил капитальной реконструкции с момента открытия в 2010 году.

# КОРОТКО ОБО ВСЕМ

### ГРУППУ СКОТОКРАДОВ ОСУДИЛИ В ЖЕТІСУ

Ущерб, причиненный фермерам региона, составил почти 29 млн теңге. Участники преступной группы приговорены к длительным срокам лишения свободы - передает Vestnik19.kz

Как проинформировали в пресс-службе областной полиции, речь идет о шестерых жителях Сарканского района, которых суд признал виновными и приговорил к лишению свободы на сроки от 2 до 5 лет.Они похищали животных на территории Алакольского района и перегоняли их в Сарканский район. В общей сложности злоумышленникам удалось похитить более 60 коров и бычков. Причиненный скотовладельцам ущерб составил свыше 28,8 млн теңге.

### ВЫЯВЛЕНЫ НАРУШЕНИЯ В НЕКОТОРЫХ ДЕТСАДАХ ЖЕТІСУ

Как отметили в региональном департаменте Агентства по защите и развитию конкуренции, все выданные организациям предписания исполнены в полном объеме, передает Vestnik19.kz

Проверка показала, что заявленные уставные виды деятельности некоторых коммунальных предприятий противоречили Постановлению Правительства РК, что создало, в свою очередь, определенные риски для здоровой конкурентной среды. Среди допустивших несоответствия организаций оказались несколько дошкольных учреждений Талдыкоргана — ясли-сады №12 «Байтерек», №13 «Құралай» и №14 «Айбөбек», а также ясли-сад «Ай-жулдыз» в Аксуском районе. В этот же список попало и ГКП на ПХВ «Көксу жылу – су сервис» при аппарате акима Коксуского района. На сегодняшний день все недочеты исполнены в полном объеме», — сообщили в департаменте АЗРК по области Жетісу.

### ИЗМЕНИЛСЯ ПОРЯДОК ПРИКРЕПЛЕНИЯ К ПОЛИКЛИНИКАМ В ЖЕТІСУ

Где будут обслуживаться дети и студенты — об этих и других изменениях рассказали на брифинге региональной службы коммуникаций, передает корреспондент Vestnik19.kz

Согласно приказу министра здравоохранения РК от 27 августа 2026 года №95, прикрепление к поликлинике осуществляется по месту постоянной или временной регистрации. Самостоятельно менять поликлинику можно один раз в календарный год. Несовершеннолетние от 0 до 17 лет могут прикрепляться к организации ПМСП по месту фактического проживания. Жетісу проживает более 187 тысяч детей в возрасте до 14 лет. Студенты и курсанты, достигшие 18 лет, смогут самостоятельно выбирать организацию ПМСП. Для военнослужащих срочной службы предусмотрен другой порядок: на время службы они прикрепляются к ближайшей поликлинике, определенной управлением здравоохранения. После демобилизации прежнее прикрепление восстанавливается автоматически. По словам специалистов, это позволит привести в порядок учет прикрепленного населения и исключить неактуальные данные. Для самих медицинских организаций это означает более точное планирование нагрузки и ресурсов.

### ЗАДЕРЖАН ПОДОЗРЕВАЕМЫЙ В НЕЗАКОННОМ ОБОРОТЕ НАРКОТИКОВ

В Талдыкоргане в ходе оперативно-розыскных мероприятий полицейские задержали 32-летнего мужчину, подозреваемого в незаконном обороте наркотиков, передает NUR.KZ со ссылкой на Polisia.kz.

Как сообщается на информационном медиапортале МВД, при проведении санкционированного обыска по месту жительства подозреваемого обнаружено и изъято вещество растительного происхождения.Следствием установлено, что изъятое вещество является гашишем. Общий вес составил 6 кг 550 гр.В отношении задержанного проводится расследование. Он водворен под стражу. В настоящее время устанавливаются все обстоятельства произошедшего, а также возможные лица, причастные к незаконному обороту наркотиков.

### В РОССИИ ЗАЯВИЛИ О СКОРОМ ЗАВЕРШЕНИИ КОНФЛИКТА В УКРАИНЕ

Пресс-секретарь президента России Дмитрий Песков ответил, насколько скоро может закончиться война между Россией и Украиной, передает NUR.KZ со ссылкой на РИА Новости.

Как сообщает агентство, Дмитрий Песков высказался о конфликте в Украине во время брифинга для журналистов в преддверии саммита БРИКС.

"Мы уверены, что победа (в украинском конфликте - прим. ред.) очень близка. Мы очень уверены в нашем военном потенциале, в наших военных действиях, они проходят очень успешно", - заявил Песков.

По его словам, конфликт в Украине мог закончиться уже давно.

"Если бы в Киеве нашелся кто-нибудь, кто взял бы на себя ответственность и принял бы очень трудные решения, война могла бы закончиться давным-давно", - добавил пресс-секретарь президента России.

Напомним, в прошедшие выходные Стив Уиткофф и Джаред Кушнер посетили Москву и провели переговоры с российским лидером Владимиром Путиным. Затем состоялась их встреча с президентом Украины Владимиром Зеленским.

После Уиткофф высказался о возможных переговорах Зеленского, Путина и Трампа.

### АРМАНА ШУРАЕВА АРЕСТОВАЛИ НА 20 СУТОК

Журналиста и общественного деятеля Армана Шураева арестовали на 20 суток. Поводом стала публикация в социальных сетях, передает NUR.KZ со ссылкой на ДП Акмолинской области.

По информации пресс-службы ведомства, в ходе мониторинга социальных сетей сотрудники полиции выявили публикацию, содержащую нецензурные выражения.По данному факту постановлением суда жителю Акмолинской области назначено наказание в виде административного ареста на 20 суток.В полиции напомнили, что за размещение противоправного контента в социальных сетях предусмотрена установленная законом ответственность.

**(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)**

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 35 (1298) 11.09.2026 Алатау

# ҚЫЗЫЛТАСТАҒЫ «ТАСБАҚА» ТАРИХИ МЕКЕН МҰРАСЫ




**Құралай Мұсанова**
*«Алатау»*

Экопаркке кіреберісте ленталарды кесу салтанатын Талдықорған қаласының әкімі Е. Бәзіл мен «Алтын Адам креативті орталығы» қоғамдық бірлестігінің басшысы **Бакирова Динара Серікқызы** бастап, соңынан сол жерден өткен велошеру көрінісі өте ерекше тартымды болды.

Экопарктің ашылуына Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл сөз сөйлеп, тарихи мекенді жаңғырту қаланың туристік әлеуетін арттырып, ішкі туризмді дамытуға жаңа мүмкіндік беретінін атап өтті. Ол: «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Жетісу облысында үш экопарк құру көзделген. Соның бірі – «Қызылтас. Тасбақа» экопаркі. Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қолдауымен аумақты абаттандыру жұмыстары қолға алынып, бүгінде жобаның алғашқы кезеңі жүзеге асырылды. «Қызылтас . Тасбақа» экопаркін жаңғырту жұмыстары үш кезеңге жоспарланған. Биыл алғашқы кезең аясында демалушыларға арналған орындықтар, шолу алаңы, арнайы фотоаймақ пен санитарлық торап орнатылып, қоқыс жәшіктері қойылды.

Алдағы уақытта экопаркті дамыту жұмыстары жүйелі түрде жалғасады. Негізгі мақсат – тарихи мекенді қала тұрғындары мен қонақтары үшін ғана емес, шетелдік туристер үшін де тартымды туристік орынға айналдыру», - дей келе, қала әкімі Ернат Бәзіл тарихи аумақты сақтап, келешек ұрпаққа жеткізудің маңыздылығына да атап кетті.

***МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «БОЛАШАҚҚА СЕНІММЕН ҚАДАМ БАСУ ҮШІН ТӨЛ ТАРИХЫМЫЗДЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢ ЕКЕНІН ТОЛЫҚ СЕЗІНІП, МӘДЕНИ МҰРАМЫЗДЫ САҚТАП, ОНЫ ДӘРІПТЕУІМІЗ КЕРЕК. ЕЛІМІЗДЕ ҚАЙТАЛАНБАС ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТАРИХИ МЕКЕНДЕР КӨП. ОНЫҢ БӘРІН МҰҚИЯТ САҚТАП, ЖЕР ЖҮЗІНЕ ТАНЫТУЫМЫЗ ЖӘНЕ ТЕҢДЕССІЗ ТАРИХИ НЫСАНДАРЫМЫЗ АРҚЫЛЫ ЕЛІМІЗДІҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН ДЕ ІСКЕ ҚОСУ ҚАЖЕТ» ДЕГЕН ЕДІ. ОСЫ СӨЗДІҢ ДӘЛЕЛІНДЕЙ, ӨТКЕН СЕНБІДЕ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ІРГЕСІНДЕГІ ТАРИХИ МЕКЕН – «ҚЫЗЫЛТАС - ТАСБАҚА» ШАТҚАЛЫНДА АБАТТАНДЫРЫЛҒАН ЭКОПАРКТІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ АШЫЛДЫ.***












*Велошеруге қатысушылар дәлізі*

Тасбақа» экопаркіндегі тамаша көріністерді көру мүмкіндігі бар ма? Айтпақшы, туристерді жетектеуші гид бар ма? «Тасбақаға» әркім өз көлігімен жете ала ма немесе такси жалдап барамыз ба? Әлде туризм басқармасы туристік маршрут бағыттар ұйымдастыра ала ма? Балалардың алдағы күзгі, қысқы, көктемгі каникулдары кезінде «Тасбақаны» көруге мүмкіндіктері қандай? Ашылу салтанаты өзіме қатты ұнаған «Тасбақа» экопаркінен осы сұрақтарды арқалап қайттым. Суреттерді көрсеткенімде үйдегілер де, басқа қызығушы таныстар да маған осы төңіректес сұрақтар қойды. Сондықтан оларға жауап іздеуді өз міндетіме алып, қала әкіміне осы сұрақтарды жеткізсем деймін. Ол үшін, әрине, міндетті түрде қабылдауына жазыламын.

баба тарихымен танысамын деген әрбір азамат үшін бұл мекеннің маңызы ерекше. Сондықтан бүгінгі шараның тарихи әрі тағылымдық мәні зор. Біз – өткенін ұмытпайтын, тарихына құрметпен қарайтын халықпыз, – деп аяқтады сөзін қала әкімі.

Сондай-ақ, қоғам белсендісі, экожанашыры Динара Бакирова тарихи мекенді сақтау мен жаңғыртудың маңыздылығына тоқталып, экопарктің бүгінгі келбеті экобелсенділер мен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен жұмысының нәтижесі екенін атап өтті.

Айта кетейік, «Тасбақа» шатқалы – көне тарихи мұраларға бай бірегей аумақтардың бірі. Мұнда 2 мыңнан астам петроглиф пен сақ дәуіріне тиесілі қорымдар орналасқан. Тарихшылар арасында бұл аумақ «Талдықорған петроглифтері» деген атаумен де белгілі көрінеді.

Осы аймақты алғаш ашқан қыз бен малшы екені айтылды. Көпшіліктің көңіл-күйі ерекше, таңданыс та, қуаныш та, шүкіршілік те байқалады. Осы шараға арнайы кәсіби параплан ұшқышы Ниязов Наилдің ұшып келуі көк аспанымыздың ашық екенін, еліміздің бейбіт өмірін паш еткендей әсер қалдырды. «Экопарктің» ашылу салтанаты командалық «Экоквест» ойындарымен, балалар арнайы дайындаған «Экодефиле» және «Тіл мерекесіне» арналған шаралармен жалғасты.

«Қызылтас» саяжайы аумағындағы «Тасбақа» тасы маңындағы экопарк орналасқан жерде ашылу салтанатына қажетті шаруалардың барлығы ретімен ұйымдастырылған екен. Арнайы орында билборд орнатылып, сөз сөйлеушілер мен жүргізушіге микрофон және дыбыс күшейткіш аппаратурасы қойылған. Әр жерде адамдар демалатын шатырлы орындар мен орындықтар бар. Күн батареясымен жанатын аспа шам орнатылыпты. «Алтын адам» қолөнершілерінің туындыларынан көрме ұйымдастырылған. Ас-су ішетін орын да бар екен. Ұйымдастырушылар келген жұртшылық үшін «Садақ ату» ойынының тиісті жарақтарын да әкеліпті. Балаларға бұл ойын тегін жасалды. Айналадағы төңкерілген тастардан көшіп бара жатқан тасбақаларды, жатқан ит, адам сұлбаларын байқауға болады. Тас беттеріне салынған суреттерден қазақтың оюының бір шеті көрінеді, енді бір жерде садақ суреті болғандай. Анықтап көз жүгірткен адам қызықты бейнелер тарих қойнауынан сыр шертіп бергендей әсер алары сөзсіз. Бір жерде «қазақ үйдің орны болған-ау?» деген ойға жетелейтін тізілген тастарды байқауға болады. Қысқасы, ашық аспан астындағы жабдықталған мұражай деуге тұрарлық көрініс. "Экопарк толықтай жұмыс істеуі үшін оның 2 және 3-ші комплексі, жарықтандыру және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, 2028 жылға дейін ашылады деп жоспарлануда", - дейді ұйымдастырушылар.

Ал енді осы ашылған экопарктің тарихи құндылығын айта отырып, облыс орталығынан қашық емес жерде орналасқан тағылым орнын кез келген қала тұрғыны қалай көре алады? Оған біз қалай жетеміз? Күзгі суықтарға дейін қала тұрғындарының

# ӘКІМ НЕГЕ ӘКІРЕҢДЕЙДІ?

***ИЯ.МЕНІШАҚЫРТҚАНКЕРБҰЛАҚАУДАНЫНЫҢӘКІМІӨЗКАБИНЕТІНДЕ,АУДАНДАҒЫ ӨЗГЕДЕБАСШЫЛАРАЛДЫНДА«НЕМЕНЕГЕКЕЛДІҢАУДАНҒА,ӨСЕКЖИНАПКЕЛДІҢ БЕ?»-ДЕПӘКІРЕҢДЕДІ.МЕНОҒАНҮНДЕМЕДІМ.ӨЙТКЕНІӨЗІМДІСЫЙЛАДЫМ.ӨЗЖА-СЫМДЫ,ОДАНҮЛКЕНЕКЕНДІГІМДІОЙЛАДЫМ.ӘКІМНІҢӘКІРЕҢДЕГЕНІНЕШАМДАН-САМДА ҰСТАМДЫЛЫҚКӨРСЕТТІМ.***

***АЛ ЖАС ТА БОЛСА ӘРКІМГЕ ӘКІРЕҢДЕП ҮЙРЕНГЕН ӘКІМНІҢ ӘДЕПСІЗДІГІНЕ УАҚЫТ ТӨРЕШІ. ОҚЫРМАНҒА ТҮСІНІКТІ БОЛУ ҮШІН ӘҢГІМЕНІ ЕҢ БАСЫНАН БАЯН-ДАЙЫН.***



*Қ.К.Тоқаев: Судың 40 пайызы далаға кетіп жататын кез болады*

### ДАУДЫҢ БАСЫ - АУЫЗ СУ

Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек кентінің бір топ тұрғындарынан келіп түскен ауыз судың сапасына наразы болған өтініштерге байланысты газетіміздің №33 санында «Ел үшін әділет іздеген ана», «Су – тіршілік көзі десек те...» деген мақалалар жарияланды. Тұрғындардың айтуынша, «Су неге жоқ?», «Су неге лай?», «Судан қоқыс шықты, құбыр бітеліп қалды», «Судың иісі, дәмі жаман, ішуге келмейді», «Бұрынғы құбырдан таза су келіп тұрған, бірақ көпке бармады», « Жаңа құбырдан келген су қашан дұрысталады?», «Свет неге өше береді?», «Қазылған жер тегістелмеді», «Мектепке баратын жол қашан жасалады?» деген сұрақтардың бәрі аудан басшылығында отырғандарға өтініш ретінде, сондай-ақ ватсапта сансыз сұрақтар қойылған жазба түрінде де, аудиожазбалар түрінде де жіберілген. Бірақ газетке келіп жатқан хабарламалар легі де әлі толастаған жоқ.

Сарыөзек тұрғындарының жанайқайын оқып, тыңдап отырып, шыдамадым. Еңбек демалысында жүрген бас редакторымызға хабарласып едім, ол кісі айтылғандардың анық-қанығын тексеріп келуге іссапарға шығуымды ұсынды.

### САРЫӨЗЕККЕ ІССАПАР

Журналистің негізгі міндеті шындыққа сүйене отырып маңызды оқиғаларды бақылау және деректерді анықтау, сондай-ақ ақпараттың шынайылығы мен анықтығына көз жеткізу болса, мен сол міндетімді арқалап Сарыөзек аудандық әкімдігіне бардым. Аудан әкімі Жүнісбеков Жанат Төлегенұлы жиналыста отырғандығын алға тартып, қабылдауға жазылуым керектігін хатшысына айтыпты. Облыс орталығынан әдейі келгенімді бұлдамай-ақ, мен әкім айтқандай қабылдауға жазылдым. Қабылдайтын күннен бір күн бұрын хатшы қыз келетін күнімді айтатын болды.

Әкімге кірудің реті болмаған соң, сонша жерден жол жүріп барғандықтан мәселенің неден туындап отырғандығының мән-жайын білу үшін Кербұлақ ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Күреңбел су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (ары қарай «Күреңбел су» ШЖҚ МКК) ат басын бұрдым. Сағат кешкі беске жақындап, жұмыс уақыты біткендіктен, ешкімді жолықтыра алмадым. Сарыөзек кентінің әкімі сыртта шаруамен жүрген көрінеді, менімен телефон арқылы сөйлесті. Сұрақтарыма жауапты «ЖКХ-дағылар береді» деген соң, аудан әкімдігінде отыратын ЖКХ-ға соқтым. Мұнда да басшы орнында болмады. Сонымен, «Күреңбел су» да, «ЖКХ» да ертеңге қалды. Барған ісімді аяқтау мақсатында Сарыөзекте қонып қалдым.

### САПАСЫ КҮМАНДЫ АУЫЗСУ

Мен қонған үйдің иесі менің су мәселесімен жүргендігімді естіп, құбыр шүмегінен бір стакан су ағызып көрсетті. Сап-сары ма, қоңыр ма түсініксіз түстегі суды ішуге жарайды деп ойламайсың, жағымсыз иісі де бар екен. Суретке түсіріп алып, ертесінде аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне «Кәсіби сауал хат» апардым.

Осындай хатты 4 сұрақпен «Күреңбел су» ШЖҚ МКК басшысы – Рамазанов Саят Тәңірбергенұлының атына және 10 сұрақпен «Кербұлақ ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің басшысы – Қасенов Ербол Серікұлының атына қалдырдым.

Редакцияға жолданған хаттар мен естіген әңгімелер негізінде сарыөзектік тұрғындармен кездесуді жөн санадым. Тегінде, жол-жөнекей такси жүргізушісі де, басқа жолыққан адамдар да Сарыөзек суының ішуге жарамсыз екендігін айтқан еді. Көпшілік суды дүкендерден сатып алып ішетін көрінеді. Көлігі барлар барған жерінен тасып әкеледі екен. «Сонда көлігі жоқтар немесе бір айлыққа, бір зейнетақыға қарап отырғандардың күні қандай болғаны?» деген сұрақ еріксіз туындады.

Тұрғындармен кездесу үшін Жетісу телеканалынан журналист шақырған, оған қоса аудан басшылығына барған адамдардың бір-екеуінің нөмірін тауып, хабарласып едім, өздерінде судың тоқтамай келіп тұрғандығын айтып, телефондарын өшіре салды. Судың сапасын сұрап үлгермедім. Соған қарағанда "ешкімге ақпарат берілмеуі керек" деген нұсқау болар деп шештім.

Менімен жолығуға келіскен Байғабатова Бақтыгүл ананың әділеттік көксеген көңіл толқынысын газетіміздің №33 санында оқыған боларсыздар. Сол біз екеуміз жолыққан жерде күзетте тұрған тұрғын да біздің әңгімемізге құлақ түрген болуы керек, жанымызға келіп, Сарөзек Сарыөзек болғалы бесінші рет су құбырлары ауыстырылып жатқандығын айтты.

Әкімдерге сын айтқан Бақтыгүл ана "әкім - халыққа қызмет ететін адам" екенін қайталап айтып, бізге – «Алатау» газетіне ризашылық білдірді. Солай дей келе қарт ана іштегі жиналған мәселесімен де бөлісті:

- Бітпейтін дау, өспейтін адам деген сияқты жүрміз әлі. Жағдайға қарап, жыларыңды да білмейсің, күлеріңді де білмейсің. Тура сондай жағдай менің басымнан өтіп жатыр. Сотқа шақырып, менен жауап алғылары келген екен, мен бармадым. Сонда мені соттайын дегені ме? Не үшін? "Әкім бол, халқыңа жақын бол!" – дегенім үшін бе?

Менің бір сұрайын дегенім, менің сол бармай қойғаным үшін жауап беремін ба? Менде қорғаушы жалдауға қаражат жоқ, бір дұрыс заңгерді білмейді екенмін. Қоя қояйын десем, осы судың жыры - жыр болып жатқалы он төрт жыл болды. Адами көзқарас деген қайда?

Бала-шағамыз өсіп жатыр. Мен айтпасам, басқа біреу айтпаса, кім айтады? Өзімді өзім қолға алып жүріп жатқан жайым бар. Келіп, осы жағдайды білген сіздерге көп рахмет! Дендеріңіз сау, бастарыңыз аман болсын, бала-шағаларыңыздың қызығын көріңіздер! Жетісу облысының азаматтарының өміріне араласып, шындыққа атсалысып жүрген, өтірік айтпай, тұрғындардың сұранысын біліп, билікке жеткізіп жатқан сіздер аман болыңыздар! – деген үлкен кісінің ықыласына рахмет айтып, сабырға шақырғаннан басқа айтарымыз болмады.

### ӘКІМ ЖУРНАЛИСТКЕ: "ӨСЕК ЖИНАП КЕЛДІҢ БЕ?

Қыркүйектің бірі күні кешке қарай Кербұлақ ауданының әкімінің қабылдауына шақырған қоңырау келіп түсті. Артынша әйел адам хабарласып, алдындағы бір апта бұрын қалдырған «Сұрау хатқа» жауап дайындап жатқанын айтты.

Қыркүйектің екісі күні сағат 9.15-те Кербұлақ аудандық әкімдік ғимаратына келдім. Сол күн аудан әкімі тұрғындарды жеке қабылдайтын күн екен. Кезек маған келгенде ішке кіргізді. Ауданның бар атқамінерлері, яғни аудандағы барлық мекеме басшылары осында екен. Өзімнің «Алатау» газетінен көпшіліктің сұрауы бойынша су мәселесімен келген журналист екенімді айттым және "өткенде келгенімде түсірген едім" деп стақандағы судың суретін көрсеттім. Сол-сол еді аудан әкімі Жанат Төлегенұлы айқайға басып:

– Бізді тексеретін сіз кімсіз, СЭС-сіз бе әлде жоғары жақтан келдіңіз бе?

Тексеруге қандай құқығыңыз бар? Мен сізді сотқа беремін, – деді.

Мұндайды күтпеген менің қапелімде аузыма сөз түспей, аңтарылып қалдым. Алдын ала ресми хат дайындап апарғаным абырой болды, әкімнің қолына соны ұстатып, жазбаша жауап беруін сұрадым.

Осыны ескерсек, мен ешқандай құқық бұзбадым. Басақөктеп кірмедім, шақыртумен бардым. Дауыс көтермедім, тек ақпараттың өзім анықтаған тұстарын айттым.

Маған дауыс көтеруге әкімнің құқығы жоқ еді, әрі мемлекеттік мекемеде аудандағы барлық мекеме басшыларын жиып, жеке адамдарды өтініштері бойынша қабылдап жатқанда сабырмен тыңдап, мәселе шешу үшін отырғандығын ұмытпау керек еді.

Сол жерде әкім мені басқа бөлмеге ертіп барып, ағып тұрған құбыр шүмегінен су алып берді. Су алдындағыдай лай болмағанымен, алдында ауыз шайғандағы судың дәмі көңілімде қалып қойыпты. Сондықтан әкім ұсынған судан бір ғана ұрттам жұттым, аздап дәмі өзгеше.



*Қазақстан көшесі латоктан аққан су*

***Журналист ақпаратты сұратуға, алуға және таратуға құқылы. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар сұратылған ақпаратты беруге міндетті. Әрі журналист өз пікірін, көзқарасын білдіруге және кәсіби қызметін заң аясында еркін жүзеге асыруға құқылы. Сондай-ақ, ҚР Конституциясы Сөз және шығармашылық бостандығына, ақпаратты еркін алу мен таратуға кепілдік береді.***

Мен «Күреңбел су» ШЖҚ МКК ашқан «Күреңбел су» чатында жазылған дыбыстық хабарламаларды сол жерде отырғандарға тыңдаттым және елді шуылдатпай тұрғындардың сұрақтарына жауап беру керек еді дегенді айттым. Ондағылардың бірі «Басшылар чатта отырғандарымен оған кіріп, жазылғандарды оқып, айтылғандарды тыңдауға, жауап беруге уақыттары жоқтығын» айтты.

Аудан әкімі Жанат Төлегенұлы маған: «Елдің өсегін жинап келіп отырсың,» - деді. Мен: «Сонда бүкіл Сарыөзек жұртшылығы да, мен де өтірік айтып отырған болдық қой» дедім, стақандағы судың суретін көрсеттім. Әкім беті бүлк етпестен бұл суды әдейі лайлап алып түсірген шығар. Бәрі өтірік,» –деді.

Кім екені белгісіз сол жерде отырғандардың бірі: «Қазір су құбырын кезең-кезеңмен жасап жатырмыз, сондықтан да судың біраз лайлануы қалыпты. Құрылыс жасағанда да біткенше біраз тазалық болмайтыны сияқты ғой. Он бес күн ішінде су тазарады әрі тұрғындарға тоқтамай берілетін болады», – деді.



*Парктің жанында құдық суға толып, сыртқа ағып жатыр*

Менің сол жағымда отырған аудан әкімі қолындағы менің берген қағазымды столға бір ұрып: «Менің рұқсатымсыз кім сендерге жауап бер деді», – деп айқай салды. Маған кезек күтіп отырған адамдардың бар екендігін ескертіп, кабинеттен шығуымды сұрады және менің сұрақтарыма жазбаша жауап беретіндігін айтты. «Шабуыл жасау – жақсы қорғаныс» екендігін айтып, мен сыртқа шықтым...

### ЖАУАПСЫЗ ҚАЛҒАН «КӘСІБИ СҰРАУ ХАТ»

Аудан әкімінің қабылдауынан шыққан соң алдында қалдырған «Кәсіби сұрау хат» жауабын алуға ЖКХ-ға кірдім. Басшылары әкімнің жанында екен. Менен хатты қабылдап алған көмекші маман жауап жазылмағандығын айтты. Көмекші қыздың айтуы бойынша, «Кербұлақ ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің басшысы – Қасенов Ербол Серікұлы алдына қойылған ресми хатты көрмеген болып шықты. Қағазды көмекші қолынан алып, әкімге қайта кіру үшін жоғарыға көтерілдім, бірақ мені кіргізбей, сол жердегі жауапты маман: «Негізінде жауап он-он бес күнде беріледі. Әкімге берген сауалыңызға жауап алғанда бұл сұрақтардың да жауабын аласыз», - деп, хатты алып қалды.

Менің іссапар жолдамама мөр басылғанмен, қол қойылмапты, оған аппарат басшысы қол қоятын көрінеді. Бір жігіт мені сол жерге ертіп барды, қол қойдырып алдым. Бірақ көңілім тыншымай, аудан әкімінің орынбасары Қабидолда Бақытқелді болу керек, сол кабинетке кіріп: «Су тазарды деп әкімдіктің суын көрсеттіңіздер, ал ел бүгін таңертеңнен бері тұрғындар чатында шулап жатыр. Кабинетте отыра бергенше, елді шулатпай, халықты жиып, бір ауыз жылы сөздеріңізді айтып, жағдайды түсіндірсеңіздер болар еді», - деген ескертпемді айтып кеттім, әйтеуір...

Енді ауданның жауапты шенеуніктерінен 15 күн мерзімге созылған жауап хат күтіп отырған жайымыз бар. Негізі, "Күреңбел су"-дан бір қыз хабарласып, "сейсенбі күні таксиден жауап жібереміз" деген, жоқ болды.

Ал оған дейін күзетші ағай айтпақшы су құбырлары бес рет ауыстырылса да, тұрғындар айтып отырғандай 14 жыл бойы жөнделмеген су 15 күнде әкімнің, «Күреңбел су» мен аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мекемесі, аудандық санэпидстанция сияқты мекемелер жауабынан кейін жөнделе қояр ма екен? – деген күмәнді ой санадан кетпей тұр...

**Бетті дайындаған: Құралай МУСАНОВА**

## Дүйсенбі - Понедельник, 14 қыркүйек

### ХАБАР

05.00,02.00 ҚР Әнұраны
05.00 « Әпке» Роза Әлқожа мен Әбдіжаппар Әлқожа ән кеші
07.00 «Оян!»
09.00, 14.00 «Келіжан»
11.00,20.00 «Алданған тағдыр»
13.00 «Қоғам пікірі»
14.00 «Кітаптренд»
14.10 «Народный контроль»
16.00,19.00 «Ақ жеңге»
17.00 «Ловушка»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.00 «Сакура итс май лав»
23.30 «»Әзіл бәйге
00.00 «Өзгер» Меняйся к лучшему!

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Особенное лето»
06.55 «Азазель»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.20 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, юлизкий враг»
02.40 Сериал «Хиромонт. Линии судеб»

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Нурболат Абдуллиннің ән кеші
08.05 «Закира», отандық телехикаясы
09.20 Сериал «Маршанец»
12.50 «Было дело»
14.10 Худ. фильм «Тимучин»
16.00 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Горький 53»
23.40 Сериал «Агенты справедливости»
01.50 Сериал «Певица»
03.30 Сериал «Маршанец»
05.20 «Закира»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.05 «Ұлт ұяты»
10.00 «Угәгәй melody»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Бір шәугім шай»
11.30 «Күлкі қоржын»
12.00 «Әсем әуен»
12.53 «Конституция әліппесі»
13.00 «Единый народ»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Жетісу әуендері»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 Д/ф «Travel Kazakhstan»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Апорт»
21.20 «Конституция әліппесі»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
22.40 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
07.00 «Екі езу»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.20 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.20 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
12.10 худ. фильм «Бременские музыканты»
14.50 худ. фильм «Остров фантазии»
17.30 худ. фильм «Шанхайский полдень»
20.00 информбюро (рус., каз.)
21.00 худ. фильм «Заложница -2»
23.00 худ. фильм «Жестокая судьба»
02.00 «31 әзіл» ойын-сауық
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.00 «Күліп ал» ойын-сауық
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әкесің баласы»
07.00 Телехикая «Жетімдер»
09.30,13.00 Новости
09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
11.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10 «Кеш келген махаббат»
15.10 «Әзілің жарасса»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Жар птицы»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.20 «Ауылға апарар жол»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.55 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

## Сейсенбі - Вторник, 15 қыркүйек

### ХАБАР

05.00,01.30 ҚР Әнұраны
05.00 Тамара Асардың ән кеші
07.00 «Оян!»
09.00, 14.30 «Келіжан»
11.00,20.00 «Алданған тағдыр»
13.00 «Ойнайқ»
14.00 «Өзекті»
16.00,19.00 «Ақ жеңге»
17.00 «Ловушка»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.00 «Мен оралам»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.00 «Өзгер» Меняйся к лучшему!

### ЕВРАЗИЯ

06.00«Азазель»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Аналитика»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.20 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, юлизкий враг»
02.40 Сериал «Хиромонт. Линии судеб»

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Закира», отандық телехикаясы
08.40 Вечерние новости
09.30 Сериал «Маршанец»
11.40 «Агенты справедливости»
13.50 Сериал «Горький 53»
16.00 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Горький 53»
23.40 Сериал «Агенты справедливости»
01.50 Сериал «Певица»
03.30 Сериал «Маршанец»
05.00 «Закира»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.40 «Әсем әуен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Доступ есть?»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Мәңгілік достық»
21.20 «Конституция әліппесі»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Өзгеремін»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын»
07.00,20.00 Информбюро (каз,рус)
08.00,05.00 «Күліп ал»
08.20 «Математика + музыка = махаббат»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.30 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.30 «Сен болмасаң»
12.20 худ. фильм «Царства небесное»
15.50 худ. фильм «Заложница-2»
18.00 худ. фильм «Ямакаси»
21.00 худ. фильм «Заложница -2»
23.20 худ. фильм «Семья»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Тик ток» ойын-сауық
03.20 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala battle»
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әкесің баласы»
07.00 Телехикая «Жетімдер»
09.30,13.00 Новости
09.40, 16.00,18.30,02.20Телесериал
11.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10 «Кеш келген махаббат»
15.10 «Әзілің жарасса»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.20 «Ауылға апарар жол»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.45 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

## Сәрсенбі - Среда, 16 қыркүйек

### ХАБАР

05.00,01.30 ҚР Әнұраны
05.00 Ернар Айдардың ән кеші
07.00 «Оян!»
09.00, 14.30 «Келіжан»
11.00,20.00 «Алданған тағдыр»
13.00 «Ойнайқ»
14.00 «Біздің назарда»
16.00,19.00 «Ақ жеңге»
17.00 «Ловушка»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.00 «Құшақташы мама»
23.30 «Әзіл бәйге»
00.00 «Өзгер» Меняйся к лучшему!

### ЕВРАЗИЯ

06.00«Цепляясь за лед»
07.00 «Забудь и вспомни»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.20 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Көреміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, юлизкий враг»
02.40 Сериал «Хиромонт. Линии судеб»

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Закира», отандық телехикаясы
08.40 Вечерние новости
09.30 Сериал «Маршанец»
11.40 «Агенты справедливости»
13.50 Сериал «Горький 53»
16.00 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Горький 53»
23.40 Сериал «Агенты справедливости»
01.50 Сериал «Певица»
03.30 Сериал «Маршанец»
05.00 «Закира»
05.45 «Өнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Өзгеремін»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Жайлы мектеп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жолдау. 2025 жыл»
21.20 «Конституция әліппесі»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын»
07.00,20.00 Информбюро (каз,рус)
08.00,05.00 «Күліп ал»
08.20 «Математика + музыка = махаббат»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.30 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.30 «Сен болмасаң»
12.10 худ. фильм «Заложница-2»
14.40 худ. фильм «Шанхайский полдень»
17.20 худ. фильм «Шанхайские рыцари»
21.00 худ. фильм «Бладшот»
23.20 худ. фильм «Любовь не сломить»
02.10 «Time Vine» ойын-сауық
03.2 0 «Тик ток» ойын-сауық
04.00 «What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»
05.40 «Ризамын» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әкесің баласы»
07.00 Телехикая «Махаббат дерті»
09.30,13.00 Новости
09.40, 16.00,18.30,02.10Телесериал
11.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10 «Кеш келген махаббат»
15.10 «Әзілің жарасса»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.20 «Ауылға апарар жол»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.45 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

# ҚАЗАҚ САЛТ–ДӘСТҮРІНДЕ СӘЛЕМДЕСЕ БІЛУ ҮЛКЕН ӨНЕГЕ

**Баян ТАҢАТАРОВА**
*«Алатау»*

***ЖАҚЫНДА АВТОБУСТАН ТҮСКЕН БІР ЖАС ЖЕТКІНШЕК ҚЫЗ ОНЫ АЯЛДАМАДА ТОСЫП ТҰРҒАН ҚҰРБЫСЫМЕН КЕЗДЕСКЕНДЕ ЕРІНДЕРІМЕН ӨБІСІП СӘЛЕМДЕСІП ЖАТТЫ. ОЙЛАНЫП ҚАЛДЫМ. ЖАСТАРДЫҢ АМАНДАСУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРГЕН БЕ? БІЗДІҢ КЕЗІМІЗДЕ БАС ИЗЕП ҚАНА АМАНДАСУШЫ ЕДІК... ДӘЛ СОЛ КЕЗДЕ АВТОБУСҚА МІНГЕН ОҚУШЫ БАЛА САЛОНДА ОТЫРҒАН КЛАСТАСЫ БОЛУ КЕРЕК, ОНЫМЕН АМАНДАСҚАНДА ҚОЛ АЛЫСЫП, ҚҰШАҚТАСЫП, БІР-БІРІНЕ ИЫҚТАРЫН СҮЙКЕСІП БОЛҒАН СОҢ САБАҚ ТУРАЛЫ СҰРАСЫП ЖАТТЫ. ТАҒЫ ДА ОЙЛАНЫП ҚАЛДЫМ. СОЛ КЕЗДЕ ЕСІМЕ ПРЕЗИДЕНТ ТОҚАЕВТЫҢ СӘЛЕМДЕСУ ӘДЕБІ ТУРАЛЫ ПІКІРІ ТҮСТІ. ШЫНЫМДЫ АЙТСАМ, ОЛ КІСІ СОЛ СӘЛЕМДЕСУ ӘДЕБІН АЙТҚАННАН КЕЙІН ОСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ НЕ ТӘРТІП ОРНАТАТЫН ҚАУЛЫЛАР НЕМЕСЕ ҮКІМДЕР ҚАПТАЙТЫН ШЫҒАР ДЕГЕН ОЙЛАР ДА БОЛМАЙ ҚАЛҒАН ЖОҚ. БІРАҚ ОЙЛАНА КЕЛЕ ТҮЙГЕНІМ - СӘЛЕМДЕСУ ӘДЕБІН ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІМІЗДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ЗИЯЛЫ МЕМЛЕКЕТІМІЗДЕГІ ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАН АЗАМАТТАРҒА ҚАЖЕТ ЖАҢА ЭТИКЕТ РЕТІНДЕ ЕНГІЗЕТІН ЕРЕЖЕГЕ АЙНАЛДЫРУ КЕРЕК СИЯҚТЫ. ӨЙТПЕГЕН КҮНДЕ, ЖАСЫРАТЫНЫ ЖОҚ, КЕЙДЕ ӨРЕСКЕЛ АМАНДАСУЛАРДЫҢ ТҮРІН КӨРІП ЖАТЫРМЫЗ. СОНЫМЕН, ПРЕЗИДЕНТ НЕ ДЕДІ?***

### ҚОҒАМДА ЖАҢА ҰЛТТЫҚ СӘЛЕМДЕСУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың жаңа жүріс-тұрыс мәдениеті мен қоғамдық әдеп қалыптастыру бастамасына тоқталып, ұлттық салт-дәстүрге сай ұстамды болудың маңызын айтты, деп хабарлайды Azattyq Rýhy. «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Юлия Магер Құрылтай сайлауында дауыс беруге келген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа сауал қойды: «Сіз баяндамаларыңыздың бірінде азаматтардың жүріс-тұрысының жаңа мәдениеті мен жаңа қоғамдық этика қалыптастыру жөнінде айтқан едіңіз. Сіздің бастамаңызды бірқатар танымал азамат іліп әкетті. Көбінесе ұлттық тәлім-тәрбиеге сай ұстамды, адамды құрметтей білетін қасиеттерге арқа сүйеуіміз қажет екені айтылып жүр. Өзгелерге құрмет, заң мен тәртіпті сақтау, өзінді сыйлау және жауапкершілік таныта білу азаматтарымыздың күнделікті дағдысына айнала ма?»

«Білсеңіз, бұл іске өзім бастамашы болдым. Науқанға емес, нақты іске. Өйткені жастардың, егде адамдардың жүріс-тұрысына қарап, байырғы дәстүрлі құндылықтарымызға оралу қажет деген шешімге келдім. Ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, сәлемдесу барысында әйелдердің еркектерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүюі дұрыс емес. Біздің салт-дәстүрімізде мұндай ешқашан болмаған. Әсіресе, әскери форма кигендердің, генералдардың осылай істегені көзге оғаш көрінеді. Бұл не масқара? Кеңес Одағы маршалының, Дүниежүзілік соғыста, Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен маршалдардың осындай қылық көрсеткенін елестете аласыздар ма? Еркектер қолының ұшын ұстата салмай, қолды қаттырақ қысып амандасуы керек. Сәл жымиса ғана жеткілікті. Әрқашан солай болған. Тіпті, осы адамды көргеніңізге шын мәнінде қуанышты болсаңыз, оң қолыңызды кеудеңізге қойып амандасыңыз. Өмірде мұндай жайт жиі кездеседі. Сондықтан мен жаңа жүріс-тұрыс әдебі туралы мәселе көтердім. Жалпы, бізге тазалық, тәртіп мәдениетін дәріптеу керек. Қолымыздан келмейді деп кім айтты?! Біз де жасыл желекті жақсы көреміз. Қазір Астанада, басқа қалаларда, аудандар мен облыстық маңызы бар шаһарларда оң өзгерістерге куә болып жүрсіздер. Біз өңір басшыларына жоғары талап қойдық. Осы іспен түпкілікті айналысамыз. Өйткені тазалық дегенді тура мағынасында ғана емес, ой-сананың, жан дүниенің тазалығы деп түсінген жөн. Белгілі тұлғалардың бірі айтқандай, ой тазалығы бой тазалығымен де ұштасқаны жөн. Яғни біз мәдениетті, таза ұлтқа айналуымыз керек. Сонда ғана күллі әлемге таныламыз», – деді Тоқаев.

Ия, президент айтқан жайларды күнделікті тұрмыста бәріміз көріп жүрміз. Кең байтақ жері бар қазақ елінің әр аймағында «әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» демекші, сәлемдесу рәсімдері әрқалай. Оған қоса соңғы кездегі алыс-жақын мұсылман елдерінен бізге келген әдептердің де «жұғысты» болып жатқандарының бірі – ер адамдардың бірін-бірі сүйіп амандасуы. Сондай амандасулар әйелдер арасында да жеткілікті. Сүйіскің келмесе де ернін сүйкеп амандасу әдетке айнала бастағандай. Сондықтан амандасу этикетін балалар тұрмақ алдымен үлкендерге де үйренген жөн сияқты.

Осы ретте есімізге пандемия кезінде президент Қ.Тоқаевтың шетел басшыларымен кездесуде қол алысып емес, ізетті түрде оң қолын жүрегіне қойып, басын ізетпен иіп амандасқаны көп нәрсені байқатады. Бұл дегеніңіз ереже емес, адамның ішкі мәдениетінің жоғары деңгейде екендігінің белгісі! Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Брежнев атамыздың шетел басшыларымен кездесулерінде амандасуы сол - құшақтап тұрып бас салып ернінен сүйетінін айтсаңызшы! Күлкілі, әрине. Бірақ ол кезде СОКП-ны басқарған Бас хатшыға ақыл айтуға болмайтын кез шығар...

### КҮНДЕЛІКТІ ҚҰШАҚТАСУ – ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРІ ЕМЕС

Сәлемдесу әдебі туралы президент Қ.Тоқаевтың пікірі жұртшылық арасында кеңінен тарап, оған пікір білдірушілер болмай қалмады. Қарапайым қара халық та, зиялы қауым өкілдері де кеңінен талқылап, бірі қолдап жатыр, бірі пікір қосып жатыр. «Әдебиет кз» порталында зиялы қауым өкілдері де өз көзқарастарын ортаға салған екен.

Қаламгерлердің пікірінше, амандасу – жай ғана күнделікті әрекет емес, халықтың мәдениеті мен тәрбиесін, үлкенге құрмет пен кішіге ізетті білдіретін дәстүр. Ал құшақтасып, бет түйістіріп амандасудың да өз орны мен жөні болуы керек.


*Нурлан Оразалин*


*Мереке Құлкенов*


*Хансейіт Әбдезұлы*

**Қаламгер-журналист Мереке Құлкенов** Президенттің сөзі көптен бері ойында жүрген мәселені қозғағанын айтады. Оның пікірінше, қазақтың дәстүрлі амандасу әдебінде адамның жасына, жынысына және үлкен-кішілігіне қарай қалыптасқан өзіндік жөн-жосық болған. «Бүгінгі Құрылтай сайлауында Президент дауыс беріп шыққаннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап берді. Сол сұхбаттағы бір мәселе мені қатты ойландырды. Ол – өзіміздің амандасу дәстүріміз. Шынында да, қазақ бір-бірімен қол беріп амандасқан. Жасы кіші адамдар үлкен кісілерге «Ассалаумағалейкүм» деп, иіліп, қолын кеудесіне қойып сәлем берген. Қыз балалар үлкендерге ізет білдіріп, келіндер алыстан сәлем салған. Міне, бұл – біздің дәстүріміз. Ал қазір жасы ма, қария ма, қыз ба, қарындас па – бәрі келіп құшақтасып амандаса береді. Кейде бұл ыңғайсыз көрінеді. Президентіміз осы мәселені дер кезінде айтып отыр деп ойлаймын. Біз ата-бабамыздан қалған амандасу дәстүрін қайта жаңғыртуымыз керек», – дейді Мереке Құлкенов. Оның айтуынша, қазақ дәстүрінде құшақтасып көрісудің де өзіндік орны болған. Оны күнделікті сәлемдесумен шатастырмаған жөн.

«Қазақ бұрын да құшақтасқан. Бірақ алыста жүрген, айлап немесе жылдап елін көрмеген адам туған жеріне, үйіне оралғанда ең жақын адамдарымен құшақтасып амандасқан. Бұл – басқа нәрсе. Бұл күнделікті амандасу емес, сағыныштан туған қауышу. Адамдар бірін-бірі қатты сағынғандықтан құшақтасқан. Сондықтан оның да өз реті бар. Біз кейде өзімізге қатысы жоқ мәдениеттерден келген дүниелерді тез қабылдап кетеміз. Бір-бірімен сүйісіп, орынсыз құшақтасып амандасу сырттан қарағанадамға да ыңғайсыз көрінуі мүмкін. Президенттің осы сөзі мені қатты ойландырды. Қазақ қоғамы да бұл мәселеге мән беріп, амандасу мәдениетіне қайта қарайды деп ойлаймын», – деді қаламгер.



**Әдебиеттанушы Хансейіт Әбдезұлы** Президент сұхбатында айтылған амандасу дәстүріне қатысты пікірді қолдайтынын жеткізді.

«Президентіміздің бүгінгі сұхбатында айтылған ой-пікірлерге, ұсыныстар мен толғамдарға толық қосыламын. Бүгінгі сайлау, еліміздің болашағы туралы айтылған пікірлердің барлығы маңызды. Соның ішінде өзіміздің сәлемдесу дәстүріміз, амандасу, ата-бабамыздан келе жатқан жолымыз, амандық-саулық сұрасуымыз туралы айтылған ойларға ерекше назар аудардым. Президенттің бүгінгі сұхбаты мені қатты ойландырды. Амандасу мәдениетіне қатысты айтылған пікірін толық қолдаймын», – деді әдебиеттанушы.

**Ақын, драматург Нұрлан Оразалин:** «Амандасудың да өзіндік әдебі бар», - дейді, амандасуды адамдар арасындағы құрмет пен ықыластың көрінісі деп бағалайды. Оның айтуынша, қазақ қоғамында амандасуға да, көрісіп-қауышуға да ежелден ерекше мән берілген. «Адамзат баласының бір-бірімен амандасуы – адамға тән, адамға жарасатын қарым-қатынастың, бір-біріне деген құрметтің белгісі. Сондықтан амандасу – адамның адамға деген құрметінің, ықыласының көрінісі. Қазақта амандасуға, жақын адамдардың көрісуіне ерекше мән берілген. Адамдар кездескен кезде қол береді, ықыласпен амандықтарын білдіреді, хал-жағдайын сұрайды. Қазақтың дәстүрлі қоғамында, әсіресе Наурыз мерекесі қарсаңында Көрісу күні бар. Көрісу – шын ниетпен елге, жерге амандық тілеп, жақсы тілек білдіруден туған дәстүр. Сондықтан осы жердегі ара-жікті анық ажыратып алуымыз керек», – дейді Нұрлан Оразалин.Оның пікірінше, кейінгі жылдары сәлемдесу мәдениетінде қазақтың дәстүрлі болмысына үйлесе бермейтін әрекеттер де қалыптаса бастаған. «Кейінгі жылдары кейбір дүниеқатты өзгеріп кетті. Жігіт пен жігіттің құшақтасып, сүйісіп жатуы, қыздардың ер адамдармен құшақтасып, сүйісіп амандасуы – мұның бәрі адамға қаншалықты жарасымды деген сұрақ туғызады. Осы тұрғыдан алғанда, Президент бүгінгі сайлау кезінде берген сұхбатында ұлттық болмысымызға, рухани келбетімізге жат кейбір әрекеттерге қатысты ойын айтты. Амандасу керек пе? Әрине, керек. Қол беріп амандасайық, бір-бірімізге ықыласпен сәлем берейік. Ал көрісудің, құшақтасудың да өз реті, өз жөні бар», – деді ақын. Нұрлан Оразалин амандасу әдебіне қатысты әңгімені тек қазақ қоғамына тән мәселе ретінде қарастырмау керектігін айтады.

-Кейбір нәрселердің мәні бұрмаланып кетті. Тіпті Наурызда да бір-бірімен көріскен кезде құшақтасып, сүйісіп жатады. Қай жерде, қандай қарым-қатынаста болсын, оның өз жөні бар. Бұл жалғыз бізге ғана емес, бүкіл әлем халықтарына тән мәселе. Амандасудың да өзіндік әдебі бар. Біз сол әдептің жолынан шығып бара жатқандаймыз. Сондықтан Қазақстан қоғамы бұл мәселені белгілі бір дұрыс арнаға түсіріп, тағылымды, тәрбиелі, кейінгі ұрпаққа үлгі болатын дәстүрге айналдыра білуі керек. Президентіміз осыған қатысты ойын нақты айтты. Менің де бұл мәселеге байланысты ой-толғамым осы», – деді Нұрлан Оразалин.

### АМАНДАСУ – ӘЛЕУМЕТТІК НОРМА

Factcheck.kz сайтына пікір берген әлеуметтік ғылымдар докторы Динара Абилденованың айтуынша, амандасу салты ғылыми тұрғыдан әлеуметтік нормалар санатына жатады. Норма әлеуметтік сипатқа ие болуы үшін ол адамдар арасында ортақ қабылданып, олардың мақұлдауы немесе құптамауы арқылы белгілі бір деңгейде орнығуы тиіс. Абилденованың сөзінше, мұндай нормалар ылғи өзгеріске ұшырап отырған және әлеуметтің барлық тарабына біркелкі тарамаған.

«Кез келген жазылмаған ереженің заманның өзгеруіне байланысты, яғни түрлі институттардың ықпалымен өзгеріске ұшырауы заңды. Мысалы, гендерлік тұрғыдан алғанда, діни институт белгілі бір дәстүрлі нормаларға тыйым салуы мүмкін. Алайда мұндай тыйымды қабылдау және оны орындау әртүрлі болуы әрі қоғам мүшелері арасында біркелкі жүзеге аспауы мүмкін.»

Ғалымның айтуынша, біздің тарихымызда немесе этнографиялық еңбектерде белгілі бір амандасу салтының сипатталғанына сүйеніп, оның қазіргі уақытта да дәл солай орындалуы тиіс деген қорытынды жасауға болмайды.

«Мұндай жазбалар белгілі бір тарихи кезеңде, белгілі бір аймақта немесе белгілі бір ру-тайпа, қауым арасында адамдардың қалай амандасқанын сипаттайтын дерек ретінде қарастырылуы керек. Яғни олар сол кезеңдегі әлеуметтік практиканы көрсетеді, бірақ оның бүгінгі қоғам үшін міндетті норма екенін білдірмейді. Әлеуметтік норманың қалай сақталатыны, өзгеретіні немесе жаңа формаға ие болатыны қоғам мүшелерінің өзара келісуі, қабылдауы немесе құптамауы арқылы реттеліп отырады». Абилденова ойын түйіндей келе, Тоқаев президент позициясынан қоғамдағы бейресми нормаларға қатысты талап қоя алмайтынын айтты.

«Сондықтан президент адамдарға қалай амандасу керектігі жөнінде пікір білдірген жағдайда, оның бұл пікірді қай әлеуметтік рөлден білдіріп отырғанына мән беру қажет. Егер ол бұл пікірін ер адам ретінде, яғни жеке тұлға ретінде білдірсе, онда бұл оның жеке сенімі немесе жеке ұстанымы ретінде қарастырылуы мүмкін. Ал президент ретінде ол бейресми әлеуметтік нормалар саласына тікелей араласа алмайды. Оның ресми билік өкілі ретіндегі құзыреті, ең алдымен, ресми нормалар мен институционалдық ережелер шеңберінде көрінеді».

Қорыта келгенде,сәлемдесу этикетін бір ережеге тоғыстыру мүмкін емес – ол түрлі жағдайларға тәуелді - дейді сарапшылар. Олардың айтуынша, жалпы қазақи дәстүрлі этикет мінез-құлық ережелері мен нормалары ретінде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрді жинақтайтын тарихи және мәдени қабаттарға негізделген. Ол жыныстық, жастық, әлеуметтік мәртебе, кәсіби, субмәдениеттік және басқа да айырмашылықтарды ескере отырып, құрылымдалған және сараланған коммуникативтік мінез-құлықты жеңілдетуге және анықтауға арналған. Десе де, қоғамға ортақ этикет қажет-ақ. Аманымыз түзу болсын,ағайын!

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 35 (1298) 11.09.2026 Алатау

# РУХАНИЯТ ӘЛЕМІНІҢ

**Сембек ӘБДІ-РАХМАН**
*«Алатау»*

***Пайда ойлама, ар ойла,***
***Талап қыл артық білуге.***
***Артық білім кітапта,***
***Ерінбей оқып көруге.***
**Абай**

**Кітапты көп оқыған адамның дүниетанымы кең, білімі мол, өте сауатты болатыны рас. Ол үшін кітап қоры,яғни кітапхана болуы әбден қажет. Кітапхана - бұл күнделікті өмір. Бұл әлемге және оқиғаларға апаратын есік. Мұнда біз сөз шеберлерімен кездесеміз. Кітапхана - рухани демалып, бұл бұрын білген және білмегенді танитын керемет жер. Кітапхана - бұл ғылым жұмағы! Көп оқыған көп білер!**

**Қазақстан Республикасы Президентінің Қ.К.Тоқаевтың адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту, білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау мақсатындағы қаулысының 2,6 пункттерінде кітап пен кітапхана ісін жаңа заманауи талаптарға сай жабдықтау туралы айтылған.**


Нағима апайдың жас кезі


Нағима апайдың есейген шағы

Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір – кітапхана. Көне жазбалар мен сирек кітаптар секілді кітапхананың да тарихы өте ескі дәуірлерден бастау алады. Кітапхана – мәртебесі биік киелі шаңырақ. Осындай киелі шаңырақта қаншама жандар оқырмандарға қызмет етіп өмірден өтті.

### МЕКТЕПТЕН БАСТАЛҒАН КІТАПҚҰМАРЛЫҚ

Өзі сүйіп таңдаған мамандығы кітапханашылық қызметке бар ғұмырын сарп еткен құрметті, аяулы жан Нағима Жабайқызы Нұрқалбаеваны Жетісу өңірінде танып білмейтін кітапқұмар аға буын жоқтың қасы деуге болады. Кітапханадағы кітаптарды жүйелеу, жинақтау, құжаттама жасап отыру, әр түрлі


Нағима апай, Құлтай ақсақал және балалары Берік, Ардақпен бірге

тақырыпта өтетін іс-шараларды ұйымдастыру, оқырмандар талабын орындау, олардың ой-пікірін жинақтап қызмет көрсету, жалпы басшылық жасау сияқты көптеген жұмыстарды тоқтаусыз жүргізіп тұру, әрине үлкен еңбекпен келеді. Мектеп қабырғасында оқушы кезден кітап оқу әдеті қалыптасқан Нағима апай Талдықорған қаласындағы М.Горький атындағы орыс орта мектебін бітіргеннен кейін Лепсі мәдени- ағарту техникумының «Кітапхана ісі» бөлімін бітірді. Кейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын «Кітапханатану және библиография» мамандығы бойынша оқып, жоғары білім алады.

Еңбек жолын Талдықорған қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада оқырмандарға қызмет көрсету, кітап қорын өңдеу, жинақтау және әдістеме бөлімінде кітапханашы, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады.

Жастайынан қабілетті, алғыр, өзіне-өзі талапкер қасиетімен Нағима апайымыз бұл жұмыстардың барлығында абыройлы, іскер маман бола білді. Сондай нәтижелі істерін көріп бағалап, әкімшілік Нағима Жабайқызына үлкен сенім артып, Талдықорған облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры қызметіне тағайындады. Одан кейін С.Сейфуллин атындағы облыстық кітапханаға директорлық қызметі тапсырылды. Осы 1990-2003 жылдар аралығында кітапхана жұмысының жаңа талаптарына сай кітапхананы әдістемелік құралдармен жабдықтап ,облыстық кітапхана жұмысын жандандыра түсті.

### КІТАПХАНА ҒИМАРАТЫ ҮШІН ШАЙҚАС

1979 жылдың май айында Талдықорған қалалық атқару комитетінің шешімі бойынша Ленин көшесіндегі №91/99 үйге көшірілген С.Сейфуллин атындағы кітапхана қалалық атқару комитетінің 1982 жылғы №595 қаулысымен бекітілген еді.

Әу баста сауда орталығына арнап салынған ғимаратты кітапханаға лайықтап жасау үшін көп қаржы жұмсалған болатын. Сонысына қарамай, қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары Шалғынбаев орынсыз қысым жасап, кітапхананы басқа орынға көшіру туралы құжатқа қол қойдырмақ болады. Оған қарсылық білдірген кітапхана директоры қалалық партия комитетінің бірінші хатшысына да шығады, бірақ бәлендей қолдау көре алмайды.

Амалы таусылған кітапхана қызметкерлері, директор Нағима Жабайқызы Нұрқалбаева, директордың орынбасары М.Таукебаева, хатшы - машинка басушы О.Вологодская бастап барлығы 25 адам «Жеруйық» газеті арқылы ел-жұрттың пікірін білу мақсатында редакциядан көмек сұрайды.

Редакция алқасы оң шешімін айтып жария ету арқылы кітапхана көшірілмей орнында қалады. Қала мекемелеріне дәуірі жүріп тұрған атқару комитетінің шешіміне осылай тікелей қарсы тұру арқылы кітапхана ғимаратын қорғап қалып, кітапхана қала орталығында бұрынғы орнында қалды. Бұл деген сол замандағы ерлікке балайтын іс болатын.

Табандылық пен өз ұстанымында тұра білудің өзі жоғары парасаттылықты көрсетті.

### ЗЕЙНЕТКЕ ДЕЙІН ДЕ, КЕЙІН ДЕ – КІТАПХАНАШЫ

Нағима Жабайқызы Алматы облысы мен Талдықорған облысының бірігуі негізінде 2003 жылы Алматы облыстық кітапханасының Талдықорған қаласына көшуіне байланысты Талдықорған қалалық В.Маяковский атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры қызметіне тағайындалып, зейнетке шыққанға дейін осы кітапханада жұмыс атқарады.

Талдықорған қаласындағы В. Маяковский атындағы «Орталықтандырылған кітапхана жүйесін» басқарған кезеңде қалалық әкімшілікпен бірге Еңбек, Өтенай ауылдарында, Талдықорған қаласының 2-шағын ауданында кітапхана филиалдарын ашты.

Нағима Жабайқызының шәкірттері облыстық, аудандық кітапхана директорлары, меңгерушілері қызметін абыроймен атқарған жандар. Атап айтсақ, сол шәкірттерінің бірі Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасының


Нағима Жабайқызы

директорлары М. Нұрғалиева, Талдықорған қаласының «Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің» директоры Ф. Хайбуллина және К. Сейтжанова, Ескелді аудандық кітапхана директоры Г. Мұқанова және т.б.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де 2006-2014 жылдар аралығында Талдықорған қалалық экономика және жол колледжінің кітапханасының директоры болып қызмет атқарған.

Талдықорған және Алматы облыстарында кітапхана саласында үздіксіз еңбек етіп, қызметтік міндеттерін дұрыс және адал орындағаны үшін:

***-1991 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Алғыс хатымен»;***

***-1999 жылы Талдықорған қаласы әкімінің «Алғыс хатымен»;***

***-2001 жылы ҚР Мәдениет министрлігі, Білім, Мәдениет және Денсаулық сақтау министрлігінің «Құрмет грамотасымен», Талдықорған қаласы әкімінің «Құрмет грамотасымен»;***

***-2001 жылы ҚР Президенті жанындағы ұлттық отбасы және әйелдер жөніндегі комиссиясының дипломымен марапатталған.***

***-2005 жылы Алматы облыстық мәдениет басқармасының «Алғыс хатымен», «Құрмет грамотасымен» және Алматы облыстық кітапхананың және Талдықорған қаласының мәдениет және тілдер дамыту бөлімінің «Алғыс хатымен» марапатталған.***

***-2009 жылы Талдықорған қаласының экономика және транспорт колледжінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.***

Жалпы кітапхана саласында 46 жыл үздіксіз еңбек етіп, оның 33 жылын директор ретінде абыройлы қызмет атқарған.

### ӘРІПТЕСТЕР ЕСТЕЛІГІ

Замандастарының, өз әріптестерінің арасында тек кәсіби энциклопедиялық білімімен ғана емес, өнегелі, парасатты, адамгершілігі мол мәдениет қайраткері ретінде Нағима Жабайқызы ел есінде қалды.

**Марқұм Нағима Жабайқызымен бірге жұмыс жасаған С.Сейфуллин атындағы облыстық кітапхана қызметкері Ешенова Ғалия Самиғұлқызы:** *"Мен Нағима апаймен бірге жұмыс жасамадым. Бірақ Нағима Жабайқызы С.Сейфуллин атындағы облыстық кітапхана директоры болып тұрған кезде мен сол кездегі Андреев аудандық орталықтандырылған кітапхана директоры қызметін атқардым, Ол кісімен жұмыс барысында жиі кездесіп жүрдік. Ол өте бір сабырлы, салмақты, терең білімді, өз ісіне мығым, талапшыл басшы болды. Ең бірінші ол кісінің үлкен адамгершіліктілігі, әділдігі есте қалды. Жүрегі таза нәзік жанды адам еді. Адамдармен қарым-қатынасы өте сыпайы әрі ерекше мәдениетті, жоғары этикадағы тұлға болды. Ол кісіден көп нәрселерді үйрендік. Марқұмның жаны жәннатта болсын. Жақсы адам еді.*

**Нағима Жабайқызымен С.Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада, кейінірек В.Маяковски атындағы Талдықорған қалалық кітапханада да бірге жұмыс жасаған, бүгінгі күні осы В.Маяковский атындағы кітапхана директоры Сейтжанова Күлпан Қалкенқызының естелік әңгімесін тыңдадық:**

*- Нағима Жабайқызымен 1984 жылдан (алғаш оқу бітіріп келген уақыттан) бастап бірге қызметтес болдым. Ол кісі жылы қарсы алып, барлық жағдайымды сұрап біліп болғаннан соң кітапхана жұмысының жүйесімен толық таныстырып, біраз күн бейімделуге мүмкіндік берді. Одан әрі жұмыстарымның барысын байқап көріп, дұрыс жағын құптап, қателігімізді түзеп, ақырындап талабын күшейте түсетін еді. Кітапхана жұмысының барлығын өте жақсы меңгерген басшы еді. Әр түрлі семинар, конференцияларға жас мамандарды өзімен бірге ертіп барып жүретін. Москва, Ленинградтағы әріптестермен хат-хабар алысып, жаңалықтарды енгізіп отыратын. Жұмыстан басқа да жеке шаруаңды түсініп, қол ұшын бергісі келіп тұратын. Мен ол кісіні өзіме ұстаз тұтамын. Себебі кітапхана ісіндегі барлық тәжірибемді сол кісіден алдым деп айта аламын. Нағима апайдың менен басқа да облыс көлеміндегі аудандарда көптеген шәкірттері басшылық жұмыстар атқаруда.*

### АДАЛ ЖАР, СҮЙІКТІ АНА, АЯУЛЫ ӘЖЕ НАҒИМА

Нағима Жабайқызы тарихшы-өлкетанушы Құлтай Нұрқалбайұлымен 1969 жылы 7 қарашада шаңырақ құрып,

# Жұлдызы

өмірге Беріктей ұл, Ардақтай қыз әкелді. Балаларының әкесі Құлтай екеуі балаларына үлгілі тәрбие беріп өсірді. Отбасылары аяулы немеремен толығып, ата-әже атанды. Отбасы түгел жоғары білімді игерді, тарихшы-ұстаз, үлгілі кітапханашы, денсаулық сақтау саласы, тұтыну кооперативі, қаржы саласының мамандары.

Биылғы жасы 80 –ге толар еді. Марқұм Нағима Жабайқызының жан жары өлкетанушы, тарихшы, 17 кітаптың авторы Құлтай Нұрқалбаевтан марқұм апамыз туралы сыр тарттық.

**- Құлтай аға, Нағима апай туралы айту,еске алу әрине сізге ауырлау тиіп, көңіліңізді босатуы мүмкін. Дегенмен де апайымыз өмірде бар болса, 80 жасын тойлап жатар ма едік?.. Марқұм апамызды еске алып, сізге қандай жар болғандығын, қоғамдағы орны туралы айтып берсеңіз.**

*- Ее, қарағым-ай! Нағима менің өмірімнің гүлі еді ғой*, - деп бастады ақсақал сәл төмен қарап отырып, Мұқағалидан бір шумақ өлең жатқа оқыды:

Әйелсіз үй, әйелсіз күн
бекер ғой,
Әйелменен әлем сұлу екен ғой.
Адам біткен аңсап жүрген
жылылық,
Әйелдердің қабағында
екен ғой...

*- Біз Нағима екеуіміз 1969 жылы отбасын құрдық. Керемет жарасымды, жақсы жұп болдық. Жар таңдаудан қателеспегенімізге екеуіміз де жаратушыға шүкір, тәубә деп келдік. Өте сыйласымды, бір-бірімізге түсіністікпен өмір кештік. Өмірге екі бала әкелдік, оларды ержеткізіп, жоғары білім алуына ықпал еттік. Иә, жастықпен, жолдастармен бірге жүріп, үйге қатты қызу күйде келген кездерімде әйелдікке салып, кейбір әйелдер сияқты қатты сөйлеп, мінез көрсетпейтін. Керісінше түріме бір қарап қойып, мені жәйлап жатқызып, түннің бір уағында тұрған маған тамақты жылытып беретін еді. Содан бір 2-3 күн өткенде жақсы бір көтеріңкі көңіл күйде отырғанда барып: «Өткендегі ісіңізді қарамағыңыздағы адамдар көрсе ұят болады ғой, абай болыңыз», - деп қана қоятын. Содан кейін 4-5 ай ондай мәселе қайталанбайтын еді. Марқұм апаларың өте көрікті әйел болды. Әсіресе ақжарқын, аққөңіл мінезімен көңілді сәттерінде тіпті шырайланып кетуші еді,* - деп ақсақал көзіне жас алды. Өмірлік жолдасы, жан-жары болған марқұм апайды қатты сағынғандығы бар болмысымен көрініп тұрды.

Құлтай ақсақалдың әңгімесін



Нағима Жабайқызы

тыңдай отырып, "егер бұл кісі ақын болғанда мынадай өлең шумақтары туар еді–ау!" - деп, ақсақалдың сағыныш сезімі әсер еткеннен төгілген төмендегі жыр шумақтарын ұсынуды жөн көрдім:

Жайнаған өмірімнің гүлі еді,
Жаны сұлу ақжарқын жүзді еді.
Көрік беріп қасымда,
серік болып,
Таң жұлдызы Шолпандай жүріп
еді.

Өзіңмен қызық құған көктемімді,
Бірге болған еске алып
өткен күнді.
Сені ойлаумен жағаға
келіп қалып,
Таба алмай тұрғандаймын
өткелімді



Құлтай Нұрқалбайұлы, тарихшы-өлкетанушы

Сағындым! Сағындым-ау,
Нағимашым!
Сен менің мәңгі өшпес
жадымдасың.
Бар болсаң келер едің
80 жасқа,
Рухың сөнбей,
лаулап жалындасын!

*Нағима апамыздың жаны жәннәтта иманы жолдас болғай! Әмин!*

АҚСУ АУДАНЫ

# ОТБАСЫ – ОШАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІ

**ОТБАСЫ – АДАМ ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ, БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ. «ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ» ДЕГЕН ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНЕ ЕРЕКШЕ МӘН БЕРГЕН. ОСЫ ОРАЙДА АҚСУ АУДАНЫ АҚЫН САРА АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ӘДІСКЕР ДИНАРА САМАТҚЫЗЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ОТБАСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «ОТБАСЫ – ОШАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІ» АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ТӘРБИЕ САҒАТЫ ФОРМАТЫНДА КЕШ БОЛЫП ӨТТІ. ОҒАН ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ «ҚАЗАҚ АНАЛАРЫ – ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ АҚСУ АУДАНЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫНАН БЕС АНА НЕМЕРЕЛЕРІМЕН ҚАТЫСТЫ. БҰЛ ИГІ ІС-ШАРАДАН ОСЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ДИРЕКТОРЫ НҰРЛАНБЕК ИЛЬЯС ТА ҚАЛЫС ҚАЛМАДЫ.**



**Кештің басты мақсаты** – отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-анаға деген құрметті арттыру, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін айқындау және ұлттық салт-дәстүрді насихаттау болды.

Шара барысында отбасының адам өміріндегі орны туралы мазмұнды әңгімелер айтылып, қатысушылар өз ойларымен бөлісті. Тәрбие кешінің «Отбасы – қасиетті ұғым» бөлімінде көрермендерге сұрақ қойылып, олар отбасы дегенде ойға келетін асыл құндылықтарды атап, мейірім, сүйіспеншілік, сыйластық, татулық пен бірліктің маңызын атап өтті.

Қазақ отбасындағы үлкендердің орны да назардан тыс қалмады. «Ата






– бәйтерек, әже – бұлақ» бөлімінде ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелер бала тәрбиесі, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, отбасындағы берекені сақтау жөнінде ақыл-кеңестерімен бөлісті. Қазақтың дәстүрін дәріптеп, жас буынға өз өнегелерін көрсетіп жүрген Лаубаева Бақыт, Ахметқалиева Райхан, Хамза Паридаш, Тұрсынбек Мейіргүл, Усанова Жаңыл – әжелер өздерінің өмірде жинаған тәжірибелерімен бөлісті.

Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге арналған «Салтымыз – сана, дәстүріміз – дара жол» бөлімінде халқымыздың өмірімен біте қайнасқан шілдехана, бесікке салу, тұсаукесер, тілашар, шашу шашу, бата беру сияқты дәстүрлердің тәрбиелік мәні сөз болды. Бұл ретте де әжелер өз немерелерімен қойылымдар көрсетіп, жастарға үлгі боларлық ойларымен бөлісті. Кеш барысында үлкен кісі жастар мен отбасыларға ақ батасын беріп, ізгі тілегін білдірді.

Сонымен қатар «Отбасылық дәстүр» бөлімінде қатысушылар өз шаңырақтарындағы қалыптасқан дәстүрлерді және шаңырақтағы өздері жасаған қолөнерлерінің маңыздылығын әңгімелеп берді. Бұл арада балаларға да «отбасы туралы түсінік», «Отбасындағы береке қалай болады?», «Әжелердің берген тәрбиесі дұрыс па?» дегендей сұрақтар қойылды.

Кеш барысында көрермендер де назардан тыс қалмады, «Мақал – сөздің көркі» бөлімінде көрермендер отбасы мен тәрбиеге байланысты мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, белсенділік таныттты.

Кештің ерекше әсерлі сәттерінің бірі – «Отбасым – мақтанышым» бөлімі болды. Әр шаңырақтың шаттығының куәсіндей отбасылық фотосуреттерден құралған слайд көрсетіліп, әр шаңырақтың өзіндік тарихы мен қадір-қасиеті бар екені айтылды.

Шара соңында жүргізушілер қатысушыларға ақжолтай тілектер айтып, отбасыларына береке, бірлік, амандық және молшылық тіледі. Ән орындалып, барлық қатысушылар естелік суретке түсті.

Отбасы – ошақтың жылуы, шаңырақтың тірегі, ұрпақ тәрбиесінің алтын бесігі. Отбасы берік болса – қоғам да берік. Сондықтан әр шаңырақта сыйластық пен мейірім, үлкенге құрмет пен кішіге ізет орнап, отбасы құндылықтары әрдайым биік тұра берсін!

Шаңырақтарыңыз биік, керегелеріңіз кең, босағаларыңыз берік болсын!

**Лаубаева Бақыт Жанетқызы**
**Ақсу ауданы**

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 35 (1298) 11.09.2026 Алатау

# ЦИФРЛАНДЫРУ: ҚАҒАЗ АНЫҚТАМА АЗАЙЫП, ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТ КӨБЕЙДІ

**Қазақстанда цифрландыру медициналық көмекті алуды жеңілдетті. Бүгінде миллиондаған қазақстандық денсаулық сақтау саласындағы цифрлық сервистерді пайдаланып келеді. Электрондық медициналық анықтамалар, дәрігердің қабылдауына онлайн жазылу және заманауи цифрлық шешімдер медициналық көмекті алу процесін азаматтар үшін ыңғайлы, жылдам әрі қолжетімді етуде.**

2025 жылы Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінде 215 миллионнан астам медициналық қызмет көрсетілді. Оның ішінде 190,8 миллионы немесе 88,6%-ы электрондық форматта ұсынылды.

Цифрландырудың маңызды нәтижелерінің бірі – медициналық құжаттарды электрондық форматқа көшіру болды. Қазіргі таңда медициналық анықтамалардың 12 түрі цифрландырылды, оның бесеуі тек онлайн рәсімделеді. 2025 жылы азаматтарға 8,5 миллионнан астам электрондық медициналық анықтама берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,2 есе көп.

Ел тұрғындары дәрігердің қабылдауына цифрлық сервистер арқылы жазылу мүмкіндігін барған сайын жиі пайдалануда. 2025 жылы онлайн жазылу қызметін 5,6 миллион азамат қолданды. Бұл мамандардың қабылдауын тіркеу бөліміне жүгінбей-ақ алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

Цифрлық шешімдер маңызды диагностикалық зерттеулерді күту мерзімін де қысқартуға ықпал етуде. Мәселен, ПЭТ/КТ зерттеуін күту уақыты үш айдан екі аптаға дейін қысқарды.

Цифрлық денсаулық сақтауды дамытудың келесі кезеңі денсаулыққа төнетін қауіптерді ерте анықтау мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталады.

2026 жылдан бастап халықтың негізгі топтарын цифрлық сүйемелдеуді қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Олардың қатарында 18 жасқа дейінгі 7 миллионнан астам бала, репродуктивтік жастағы шамамен 5 миллион әйел және 400 мың жүкті әйел бар.

Бұл ықтимал қауіп-қатерлерді уақтылы анықтауға, профилактикалық жұмысты күшейтуге және медициналық бақылаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта онлайн брондау қағидаты бойынша дәрігерлердің бірыңғай қабылдау кестесін, e-Health порталын және азаматтарға, медицина қызметкерлері мен медициналық ұйымдарға арналған мобильдік қосымшаны іске қосу жоспарлануда. Сонымен қатар кері байланыс тетіктері мен медициналық қызметтің нақты көрсетілгенін растау құралдары одан әрі дамытылады.

Бұдан бөлек, медициналық анықтамаларды толықтай цифрлық форматқа көшіру жұмыстары жалғасады.

Денсаулық сақтау саласын цифрландырудың басты мақсаты – медициналық көмекті әрбір азамат үшін қолжетімді, ыңғайлы әрі оның қажеттіліктеріне бағдарлау.

Бұл зерттеулерді «Атырау кз.» сайты жүргізген. Ал Жетісу облысында өңірдегі жетістіктер мен проблемалар қандай?




«Атырау кз.» сайтынан

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ БАРЫСЫ

**Сембек АБДРАХМАНОВ**
*«Алатау»*

***ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ КҮШІ! ДЕНСАУЛЫҚ АДАМНЫҢ ЕҢ ҚАСИЕТТІ ДЕ ҚҰНДЫ, ҚАЙТАЛАНБАС, ЖОҒАЛСА ОРНЫНА ҚИЫНДЫҚПЕН КЕЛЕТІН, ОРНЫ ТОЛМАС АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЖОЛДАУЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЕЛДЕГІ ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ (ЖИ) ДАМЫТУҒА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІП, 2026 ЖЫЛДЫ «ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ. ОНДАҒЫ КӨРСЕТІЛГЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР МЕН МАҚСАТТАР ҚАНДАЙ?***




**Жасанды интеллектіні енгізу:** Экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін ЖИ технологияларын жаппай қолдану.

**Цифрлық трансформация:** Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіріп, толыққанды «цифрлық мемлекетке» айналу.

**Бәсекеге қабілеттілік:** Озық технологиялар арқылы елдің халықаралық аренадағы орнын және экономикалық әлеуетін арттыру.

**Жауапкершілік:** Бұл бағыттағы жұмыстарды сән қуып, ұрандату үшін емес, нақты нәтиже үшін жүзеге асыру қажеттігі атап өтілді.

Жетісу облысындағы денсаулық саласындағы цифрландыру бағытындағы жұмыстар туралы және кадр тапшылығы туралы мәлімет сұрап Жетісу облыстық денсаулық басқармасының басшысы Асқар Мапатұлы Садықовқа сауал жолдаған едік.

Басқарма басшысының орынбасары А.Кенжеғұлова қол қойып жіберген жауапта төмендегідей деректермен таныс болдық:

Жетісу облысы медициналық ұйымдарында 1547 дәрігер және 5857 орта медицина қызметкерлері жұмыс атқарады дегенімізбен облыста кадр тапшылығы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Бүгінгі күні облыс бойынша әлі де 120 дәрігер қажет. Бұл мәселені шешу уақытқа байланысты болғандықтан алдағы уақыттарда кадр тапшылығы біртіндеп шешіледі деген ойдамыз.

Денсаулық саласын цифрландыру бойынша айтар болсақ, облыс бойынша 355 денсаулық сақтау ұйымы жұмыс істейді. Оның ішінде 305-і мемлекеттік, 50-і жекеменшік ұйымдар. Денсаулық сақтау ұйымдарының барлығы, яғни 100% интернет жүйесіне қосылған.

Медициналық ұйымдарда «Жетісу», «ДамуМед», «103 Көмек» медициналық аппараттық жүйелері жұмыс істейді.

Сондай–ақ, тиісті мобильді қосымшалар іске қосылған. Қазіргі кезде «Даму» медициналық ақпараттық жүйесіне алты мемлекеттік медициналық ұйым, ал «Жетісу» медициналық ақпараттық жүйесіне жиырма төрт мемлекеттік медициналық ұйым қосылған.

Облыстың барлық медициналық ұйымдары медициналық бейнелерді




сақтау, беру және мұрағаттауға арналған PACS жүйесімен интеграцияланған. Аталған жүйе диагностикалық ақпараттың қолжетімділігін арттыруға және онкологиялық ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Медициналық ұйымдарда пациенттің дәрігерге нақты келгенін растау мақсатында FaceID технологиясын қолдану бойынша пилоттық жоба іске асырылуда. Жобаға қажетті веб-камералар сатып алынды. Бұл жоба 2025 жылдың қаңтар айынан бастап іске қосылды.

Облыстық медициналық ұйымдары беретін медициналық анықтамалар азаматтардың eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеттеріне электрондық форматта түседі. Сонымен қатар облыста жеке медициналық кітапшаны электрондық форматқа көшіру жұмыстары жүргізілді.

2025 жылы 1- қаңтардан бастап облыстың медициналық ұйымдарында жеке медкітапшаларды электрондық форматта беру жүзеге асырылуда.

Ал жасанды интеллект туралы деректер мынадай:

Цифрландыру және жасанды интелектіні дамыту жылы аясында облыстың 3 медициналық ұйымында – Облыстық ауруханада, Панфилов және Сарқан аудандарының ауруханаларында инсультті ерте анықтауға арналған жасанды интелект негізіндегі компьютерлік томографияны талдау бойынша SEREBRA жобасы енгізілуде.

Жобаның негізгі мақсаты – диагноз қою уақытын қысқарту және дәрігерлердің шешім қабылдауына уақтылы қолдау көрсету. Денсаулық сақтау саласын цифрландыру бойынша жұмыстар Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмалары және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылуда.

**<u>Автордан:</u> сауалға берілген жауапқа сүйенсек кадр тапшылығы мәселесінен басқа облыстың денсаулық саласында цифрландыру мәселесі де, ЖИ-мен жұмыс істеу мәселесі де оң жолға қойылған тәрізді. Іске сәт!**

## Бейсенбі - Четверг, 17 қыркүйек

### ХАБАР

05.00,01.30 ҚР Әнұраны
05.00 Мәдина Сәдуақасованың ән кеші
07.00 «Оян!»
09.00, 14.30 «Келіжан»
11.00,20.00 «Алданған тағдыр»
13.00 «Ойнайқ»
14.00 «Өзекті»
16.00,19.00 «Ақ жеңге»
17.00 «Ловушка»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.00 «Охотники на ведьм»
23.30 «Өзіл бәйге»
00.00 «Өзгер» Меняйся к лучшему!

### ЕВРАЗИЯ

06.00«Цепляясь за лед»
07.00 «Забудь и вспомни»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.30 «Доброе утро, Казахстан!»
11.05 «Модный Приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся»
14.10 «Жаңалықтар»
14.25 «Новости»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.20 «Басты жаңалықтар»
19.00,03.45 «Кереміз шоу»
20.00, 01.50«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Сериал «Невский, юлизкий враг»
23.10 «Брошенная невеста»
02.20 Сериал «Хиромонт. Линии судеб»

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Закира», отандық телехикаясы
08.40 Вечерние новости
09.30 Сериал «Марашанец»
11.40 «Агенты справедливости»
13.50 Сериал «Горький 53»
16.00 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Горький 53»
23.40 Сериал «Агенты справедливости»
01.50 Сериал «Певица»
03.30 Сериал «Марашанец»
05.00 «Закира»
05.45 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 К/ф «Оқылмаған хаттар»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 «19 аймақ»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Агро аймақ»
15.35 «Жетісу әуендері»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
17.00 «Әу» де» /тікелей эфир
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.45 «Конституция әліппесі»
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Таза мекен»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.05 Д/ф «Су»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Начать сначала…»
21.20 «Конституция әліппесі»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Үздіктер кітабы»
22.40 «Әсем әуен»
23.10 «Біздің толқын»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Өзіл студио» ойын-сауық
06.30 «Ризамын»
07.00,20.00 Информбюро (каз,рус)
08.00,05.00 «Күліп ал»
08.20 «Математика + музыка = махаббат»
09.00 Мультсериал «Губка Боб»
09.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.30 Мультсериал «Черепашка ниндзя»
11.30 «Сен болмасаң»
12.10 худ. фильм «Ямакаси»
14.20 худ. фильм «Бладшот»
17.00 худ. фильм «Черный ястреб»
21.00 худ. фильм «13-й войн»
23.10 худ. фильм «Влюбленное сердце»
02.00 «31 әзіл» ойын-сауық
03.20 «Time Vine» ойын-сауық
03.4 0 «Тик ток» ойын-сауық
04.00 «What's up?» ойын-сауық
04.40 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.50 Телевикторина «Bala battle»
05.40 «Ризамын» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

05.30 «Q-елі»
06.00 «Әкесің баласы»
07.00 Телехикая «Махаббат дерті»
09.30,13.00 Новости
09.40, 16.00,18.30,02.10Телесериал
11.10 Телехикая «Мың рет сүйдім»
13.10 «Кеш келген махаббат»
15.10 «Әзілің жарасса»
18.00 Жаңалықтар. тікелей эфир
19.30 Новости. прямой эфир
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 «Иффет»
00.20 «Ауылға апарар жол»
01.10, 04.50 Жаңалықтар
01.45 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сайфолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

## Жұма - Пятница, 18 қыркүйек

### ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қара бала» Нұржан Керменбаев
07.00 «Оян!»
09.00, 14.30 Т/х «Келіжан» «
11.00, 20.00 Т\х «Алданған тағдыр»
13.00 «ОйнаIQ»
14.00 «Цифровой код»
16.00, 19.00 Т/х «Ақ жеңге»
17.00 Сериал «Ловушка»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.00 Кино «Точка обстреле»
23.30 Тұсаукесер «Әліл бәйге
00.00 «Өзгер» «Меняйся к лучшему»
01.20 «100 сарбаз»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «Цепляясь за лед»
07.00 Сериал «Забудь и спомни»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.30 «Доброе утро, Казахстан»
11.05«Модный приговор»
12.05 «Жить здорово»
13.10 «Давай поженимся!»
14.10 Жаңалықтар
14.25 Новости
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.50 Басты жаңалықтар
19.00, 03.45 «Koremiz show»
20.00 Главные новости
20.35 «Құрылтай online»
21.00 «Поле чудес»
22.30 Сериал «Загадка на двоих-3: Развод»
0315 Басты жаңалықтар

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30, 04.40 «Закира»отандық т/х
08.40 Вечерние новости
09.30, 03.30 Сериал «Марашанец»
11.40 Сериал «Агенты справедливости»
13.50 Сериал «Горький 53»
16.00, 01.50 Сериал «Певица»
18.00 Сериал «Рамо»
20.30 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Любовь, как стихийное бедствие»
05.45 «Әнім сен едің»
06.05 Кешкі жаңалықтар

### ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Әу» де»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Таза мекен»
14.57 «Азбука Конституции»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
15.50 «Конституция әліппесі»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Үздіктер кітабы»
17.00 «Бір шәугім шай»
17.30 «Айтыс»
18.00 «Мақсатына жеткендер»
18.35 «Конституция әліппесі»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.00 «Жетісу жақұты»
19.35 «102» сообщает»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Цена агрессии»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «ООН-80» наш выбор – мир, а не война»
21.20 «Конституция әліппесі»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құрманғазы» оркестрінің концерті
23.30 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.20 «Өзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 01.40 «Күліп ал»
08.20 Т/х« Математика+Музыка = Махаббат»
09.00 М\с «Губка Боб в 3D»
10.30 М\с «Пингвины Мадагаскара»
11.00 М\с «Черепашки-ниндзя»
11.30 Т/х «Сен болмасаң»
12.20, 03.40 «TikTok show»
12.30 Х/ф «Шанхайские рыцари»
15.20 Кино «13-й воин»
17.50 Х\ф «Пиксели»
21.00 Х/ф «РЭД-2»
23.30 Х \ф «Али-Баба и сорсок разбойников»
02.00 «31 әзіл»
03.20, 05.00 «Time Vine»
04.00 «What's up?»
04.20 «1001 әзіл»
04.30 «Bala BATTLE»
05.40 «Ризамын

### 7 КАНАЛ

05.30 Т/х «Q-елі»
06.00 Т\х «Әкесінің баласы»
07.00 Т/х «Махаббат дерті»
09.30, 13.00 Новости
09.40, 16.00, 18.30, 02.10 Т/с
11.10, 00.20 Т/х «Мың рет сүйдім
13.10 «Әзілің жарасса»
13.30 Х\ф «Батыр из прошлого»
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир
19.30 Новости. Прямой эфир
20.00 Сериал «Запретная любовь»
22.00 Сериал «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
01.20, 04.50 Жаңалықтар
01.45, 05.25 Новости
03.10 Гүл-гүл шоу
03.50 Әйгерім Сефолланың сырласуы
04.20 Жарқыраған жұлдыз

## Сенбі - Суббота, 19 қыркүйек

### ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Cower show»
06.00 «Биле» Али Оқапов
08.00 Т/х «Ақ жеңге»
11.00 Т/х «Алданған тағдыр»
13.00 «Азамат»
14.00 Арнайы репортаж
14.30, 18.00 Тұсаукесер! «Жекпе-жек»
16.00 М/с «Белка и Стрелка. Озарная семейка»
17.00 Сериал «Ловушка»
21.00 «7 күн»
22.40 Жұмыр жер
23.00 «КешREC»
00.15 «Өзгер!» «Меняйся к лучшему!»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Qaimaq»
07.40 «P@yTINA
08.50 Главные новости
09.20 «Құрылтай онлайн»
09.55 Т/х «Сезім толқыны»
11.10 «Поле чудес»
12.50 Х\ф «Загадка на двоих. Развод»
17.30 «Точь-в-точь»
20.00 Basty prime
20.50 Сериал «Кормилица»
01.40 Ночной к/т «Мужская интуция»
03.4 P@yTINA

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 05.50 «Әнім сен едің»
07.50, 01.00 «Было дело» д/д
09.10 Вечерние новости
10.00,02.40 Еркін Жұмажан ән кеші
12.30 «Жат ұя» отандық т/х
14.00 Сериал «Однажды в Чукурова»
16.45 Сериал «Любовь, как стихиное бедствие»
21.00 Сериал «Ребенок на миллион»
04.50 «КТК қоржыны

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
07.30 «Таңжарық»
09.30 Жаңалықтар
10.00 Новости
10.35 «Әсем әуен»
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «Біздің толқын»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Жетісу жақұты»
14.35 «Әсем әуен»
15.00 «Аман болайық»
15.35 «Күреңбел» театрының концерті
16.40 Д/ф «Игры со смертью»
17.00 «Шашу»
17.35 «Әсем әуен»
18.00 «Абадан»
18.20 «Әсем әуен»
19.00 «Әу» де»
20.00 «Дала сыры»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 «Апта» (қаз)
21.30 «Апта» (рус)
22.30 Д/ф «Менің елім»
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 04.40 «Өзіл студио»
07.00, 10.40 «Күліп All»
07.30 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
09.30 М\с «Черепашки-ниндзя»
10.00 «Готовим» с Адель
10.40 Д/ф «Алматы. Екінші тыныс»
11.20 «TikTok show»
11.30 Саумал
12.00 Т/х «Математика + Музыка = Махаббат
13.10 Кино «Сен болмасаң»
14.20 Т/х «Отель для собак»
19.30 Кино «Малефисента»
21.10 Х/ф «Живая сталь»
00.00 Х\ф «Черный ястреб»
02.30 «Bizdin show»
03.30 «31 әзіл»
05.00 «1001 Әзіл»
05.10 «Bala Battle»
05.30 «Whats up?»

### 7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.50 Т\х «Әкесінің баласы»
06.50 Т/х «Махаббат дерті»
08.50, 18.00, 02.40 Т/с
13.20 «Аман бол»
14.40 Т/х «Батыр из прошлого»
17.00 Әзілің жарасса
20.00 Сериал «Запретная любовь»
22.10 Сериал «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
00.10 Х/ф «За нас двоих»
03.40 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
04.10 Тазалық уақыты

## Жексенбі - Воскресенье, 20 қыркүйек

### ХАБАР

05.00, 02.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Cower show»
06.00 «Turar» Тұрар Ыдырыстың концерті
08.00 Т/х «Ақ жеңге»
11.00, 20.00 Т/х «Алданған тағдыр»
13.00 «Өмір өнегесі»
14.00 «Балам үшін» медициналық танымдық
14.30 «Жұлдызды жекпе-жек»
16.30 М/с «Белка и Стрелка. Озарная семейка»
17.00 Сериал «Ловушка»
18.00 Кино «Әмеңгер»
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
23.00 Х\ф «Точка обстрела»»
00.10 «Өзгер!» «Меняйся к лучшему!»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.30 «Qaimaq»
07.30 P@yTINA
08.45 Basty prime
09.35 Т/х «Сезім толқыны»
12.20 Сериал «Кормилица»
17.05 Х/ф « Первый на олимпе»
20.00 «Аналитика»
20.50 Сериал «В одну реку дважды»
02.10 Команды

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 03.40 «Нартәуекел» Заттыбек Көпбосынұлы
08.30 «Было дело»
10.30 «Реформа»
11.00 «Алдараспан»
12.30 « Жат ұя» отандық т/х
14.00 сериал «Однажды в Чукурова»
16.45 сериал «Ребенок на миллион»
21.00 Портрет недели
22.00 Х/ф «Джохан-2»
00.00 «Было дело» д/д
01.40 «Реальная мистика
06.20 «Әнім сен едің»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Конституция әліппесі»
07.10 «Әсем әуен»
07.20 «Еркін қозғалыс»
08.55 «Азбука Конституции»
09.00 «Апта» (қаз)
10.00 «Апта» (рус)
10.50 «Еркін қозғалыс»
11.05 «Әсем әуен»
12.00 «ДАRA LINE»
12.50 «Конституция әліппесі»
13.00 «Шашу»
13.40 «Дала сыры»
14.00 «Келін BATTLE»
16.15 «Әсем әуен»
16.40 Д/ф «Дара»
17.00 «Әсем әуен»
17.35 «Агро аймақ»
18.00 «Единый народ»
18.25 «Конституция әліппесі»
18.30 «Жетісу әуендері»
19.30 «Арнайы репортаж»
19.50 «Азбука Конституции»
20.00 «Бір шәугім шай»
20.35 «Әсем әуен»
21.00 «Угәгәй melody»
22.00 «Әсем әуен»
22.30 Д/ф «Стражи звёзд»
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.10 «Өзіл студио»
07.00, 02.50 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М\с «Губка Боб»
08.50 М\с «Черепашки-ниндзя»
09.20 «Готовим» с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.30 Д/ф «Пластикке ораған өмір»
11.15, 03.50 «TikTok show»
11.20 Саумал
11.40 «Күліп All»
12.00 Т/х «Математика + Музыка = Махаббат»
13.10 Кино «Сен болмасаң»
14.20 Х/ф «Рататуи»
17.00 Х/ф «Малефицента»
19.10 Х/ф «Живая сталь»
22.00 Х/ф «Призрак в доспехах»
00.10 Х/ф «Самоотверженная любовь»
04.10 «Time Vine»
04.30 «1001 әзіл»
04.40 «BALA BATTLE»
05.30 «Ризамын»

### 7 КАНАЛ

05.20 ҚР Әнұраны
05.30 Т/х «Q-елі»
05.50 Т/х «Әкесінің баласы»
06.50 Т/х «Махаббат дерті»
08.50,18.00,02.40 Т/с
13.20 «Шымкент шоу»
15.40 Х/ф «Менің үйім қайда?»
20.00 сериал «Запретная любовь»
22.10 сериал «Далекий город»
23.10 Т/х «Иффет»
00.10 Т/х «Бесконечная любовь»
03.40 Әйгерім Сефолланың сырласуы
04.40 Тазалық уақыты

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 35 (1298) 11.09.2026 Алатау

# 25 НЕВЕРОЯТНЫХ ФАКТОВ НА СВЕТЕ

**ОГЛАВЛЕНИЕ**


- Самый дорогой сыр в мире из молока ослиц
- Крысы умеют хихикать, но мы не слышим
- Мамонты бродили по острову Врангеля, когда строились пирамиды
- Портрет Роуз из «Титаника» рисовал Джеймс Кэмерон
- Дельфины узнают себя в зеркале и любуются собой
- В Канаде есть место, где гравитация слабее
- На Луне бывают лунотрясения
- Ребёнка назвали «Остановка автобуса №16», и суд разрешил
- Высокие каблуки изобрели мужчины — персидские кавалеристы
- Морковь была фиолетовой, пока голландцы не сделали её оранжевой
- Мы всегда видим свой нос, но мозг его игнорирует
- Настольный теннис появился из-за пробок от шампанского
- В таблице Менделеева не хватает буквы J
- Венера крутится против правил
- Пещера Ваитома в Новой Зеландии: живой звёздный потолок
- Самый старый розовый куст в Германии, которому больше 1200 лет
- Самая быстрая рыба — парусник, разгоняется до 109 км/ч
- Женщина, которая выжила на «Титанике», «Олимпике» и «Британике»
- Размер ноги у статуи Свободы — 879
- Остров, где овцы правят миром
- Гиперинфляция в Германии 1923 года: 4,2 триллиона марок за доллар
- Самый быстрый набор веса в мире
- Саркофаг Тутанхамона сделали из 110 кг золота
- Скафандры после прогулки по Луне пахнут гарью
- На Руси блины мерили локтями


***Знаете, что меня удивляет? Когда люди думают, что знают всё на свете. А вот и нет! Сыр из ослиного молока за 1360 долларов? Крысы хихикают ультразвуком? А в Канаде есть место с самой слабой гравитацией?***

***И это только начало. Готовьтесь удивляться, смеяться и запоминать, чтобы блеснуть среди друзей и знакомых своей эрудицией. Поехали!***

## САМЫЙ ДОРОГОЙ СЫР В МИРЕ ИЗ МОЛОКА ОСЛИЦ

*Ослиный деликатес для миллионеров.*



Ослиное молоко очень редкое и полезное. Для производства 1 кг. сыра Pule нужно около 25 литров молока. Стоимость этого деликатеса — 1360 долларов за килограмм. На вкус, говорят, он нежный, с ореховыми нотками. Я считаю, что это слишком жирно для моего кошелька, но попробовать было бы интересно. Только не говорите осликам, зачем их доят. Шутка!

## КРЫСЫ УМЕЮТ ХИХИКАТЬ, НО МЫ НЕ СЛЫШИМ

*Крыса хохочет на частоте 50 кГц.*



Учёные выяснили, что крысы издают звуки, похожие на хихиканье, но в ультразвуковом диапазоне. Особенно когда щекочут друг друга или играют. По моему опыту, крысы очень жизнерадостные, не зря их так любят дети. Теперь и я буду к ним добрее.

## МАМОНТЫ БРОДИЛИ ПО ОСТРОВУ ВРАНГЕЛЯ, КОГДА СТРОИЛИСЬ ПИРАМИДЫ

*Мамонты на острове Врангеля.*



Последние карликовые мамонты жили на острове Врангеля примерно в 2000–1700 годах до нашей эры. А пирамиды Гизы построили около 2560 года до н.э. То есть, пока египтяне таскали камни, мамонты всё ещё гуляли по Арктике. Я в шоке. История длиннее, чем кажется. И мамонты были ближе к нам, чем динозавры.

## ПОРТРЕТ РОУЗ ИЗ «ТИТАНИКА» РИСОВАЛ ДЖЕЙМС КЭМЕРОН


*Режиссёр-художник.*



В фильме «Титаник» сцену с рисованием обнажённой Роуз снимали с использованием рук дублёра. Но сам портрет, который мы видим в кадре, нарисовал никто иной как режиссёр Джеймс Кэмерон. Он скопировал фото Кейт Уинслет. Я считаю, что талантливый человек талантлив во всём. Хотя у Кэмерона больше оскаров, чем дипломов художника.

## ДЕЛЬФИНЫ УЗНАЮТ СЕБЯ В ЗЕРКАЛЕ И ЛЮБУЮТСЯ СОБОЙ

*Самые самовлюблённые животные океана.*



Дельфины проходят зеркальный тест на самосознание: они понимают, что видят в зеркале именно себя, а не другого дельфина. Они могут крутить головой, рассматривать пятна на теле. Мне кажется, что они ещё и позы принимают, будто для фотографии. Я бы сказала, что они даже тщеславнее людей.

## В КАНАДЕ ЕСТЬ МЕСТО, ГДЕ ГРАВИТАЦИЯ СЛАБЕЕ

*Точка, где вы весите меньше.*

В заливе Гудзон в Канаде гравитация ниже, чем в среднем по планете. Причина — таяние древних ледников и движение магмы. Вы там будете весить на 3 грамма меньше из расчёта на 100 кг.

## НА ЛУНЕ БЫВАЮТ ЛУНОТРЯСЕНИЯ

*Сейсмограф на Луне зафиксировал толчки.*

Аполлоновские сейсмометры зарегистрировали лунотрясения, которые возникают из-за перепадов температур и падения метеоритов. Они слабые, но длятся очень долго, так как на Луне нет атмосферы, чтобы гасить вибрации.

## РЕБЁНКА НАЗВАЛИ «ОСТАНОВКА АВТОБУСА №16», И СУД РАЗРЕШИЛ

*Имя ребёнка - название остановки.*



В Новой Зеландии пара через суд добилась права назвать дочь «Остановка автобуса №16», Bus Stop Number 16. Они хотели дать уникальное имя своему ребёнку. Судья сказал, что это не оскорбительно. Я считаю, что девочке потом придётся каждый раз объяснять, что она не шутит. Но зато её никогда не забудут.

## ВЫСОКИЕ КАБЛУКИ ИЗОБРЕЛИ МУЖЧИНЫ — ПЕРСИДСКИЕ КАВАЛЕРИСТЫ

*Воин на лошади в сапогах на каблуке.*

В 9 веке персидские всадники носили каблуки, чтобы пятка не выскальзывала из стремени при стрельбе из лука. Позже эту идею подхватили европейские аристократы. Значит, женщины не виноваты в том, что мучают свои драгоценные ноги. Это мужчины нас «осчастливили». Теперь я знаю, на кого жаловаться.



## МОРКОВЬ БЫЛА ФИОЛЕТОВОЙ, ПОКА ГОЛЛАНДЦЫ НЕ СДЕЛАЛИ ЕЁ ОРАНЖЕВОЙ

*Фиолетовая морковь — оригинал, оранжевая — ремейк.*



Изначально морковь была фиолетового цвета. Голландские селекционеры в 17 веке вывели оранжевый сорт в честь династии Оранских-Нассау. И он оказался намного слаще. Так что благодарите политику за любимые корнеплоды.

## МЫ ВСЕГДА ВИДИМ СВОЙ НОС, НО МОЗГ ЕГО ИГНОРИРУЕТ

*Кончик носа — вечный спутник зрения.*

Ваш нос постоянно находится в поле зрения, но мозг просто вырезает его из картинки, как фотошоп. Если специально сфокусироваться, можно увидеть расплывчатое пятно. Я теперь сижу и пялюсь на свой нос. Спасибо, что теперь я это никогда не забуду. И вы тоже.

## НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС ПОЯВИЛСЯ ИЗ-ЗА ПРОБОК ОТ ШАМПАНСКОГО

*Высшее общество играло на портсигарах.*




В 1880-х годах в Англии после обеда мужчины использовали портсигары как ракетки, а пробки от шампанского как мячики. Сеткой служила стопка книг. Через несколько лет запатентовали современный вариант. Я представляю, какой был джентельменский набор: выпил, закусил, погонял пробку. Гораздо интереснее, чем какой-то фитнес.


***(Продолжение на стр. 13)***

# 25 НЕВЕРОЯТНЫХ ФАКТОВ НА СВЕТЕ

*(Продолжение. Начало на стр. 12)*

### В ТАБЛИЦЕ МЕНДЕЛЕЕВА НЕ ХВАТАЕТ БУКВЫ J

*J — единственная буква, которой нет в таблице Менделеева.*




В периодической таблице химических элементов Менделеева используются латинские обозначения. Ни один символ элемента не начинается с буквы J (йот). Нет ни J, ни Ja. Поэтому J — единственная отсутствующая буква. Я удивилась: а как же йод? А он I (Iodum). Так что J обижена. Может, когда-нибудь откроют элемент йотаний?

### ВЕНЕРА КРУТИТСЯ ПРОТИВ ПРАВИЛ

*Планета-бунтарь со своим расписанием.*



Все планеты Солнечной системы вращаются вокруг оси с запада на восток. А Венера, наоборот, с востока на запад. То есть на Венере Солнце восходит на западе, а заходит на востоке. Ещё и сутки там длятся дольше года. Там можно жить вечно, если не обращать внимания на адскую температуру. Но перспектива выспаться заманчива.

### ПЕЩЕРА ВАИТОМА В НОВОЙ ЗЕЛАНДИИ: ЖИВОЙ ЗВЁЗДНЫЙ ПОТОЛОК

*Голубое сияние тысяч насекомых.*



В пещере Ваитома, в Новой Зеландии живут тысячи грибных комариков Arachnocampa luminosa. Их личинки свисают с потолка на нитях и светятся голубым. Это похоже на ночное небо. Туристы плавают на лодках в полной тишине. Я бы хотела туда попасть, посмотреть на это чудо природы.

### САМЫЙ СТАРЫЙ РОЗОВЫЙ КУСТ В ГЕРМАНИИ, КОТОРОМУ БОЛЬШЕ 1200 ЛЕТ

*Роза, которая помнит Карла Великого.*

Возле собора в Хильдесхайме, в Германии растёт розовый куст, которому, по легенде, более 1000 лет. Говорят, что в 815 году император Людовик Благочестивый



поставил часовню на месте чуда с розовым кустом, и вокруг вырос город. Куст до сих пор цветёт. Я чувствую себя однолетним цветком по сравнению с ним.

### САМАЯ БЫСТРАЯ РЫБА — ПАРУСНИК, РАЗГОНЯЕТСЯ ДО 109 КМ/Ч

*Ракета под водой.*



Рыба «Парусник» (Istiophorus platypterus) развивает скорость до 109 км/ч. Это быстрее, чем ездят большинство автомобилей в городе. У него огромный спинной плавник-парус и обтекаемое тело. Я представляю, как он обгоняет лодки с туристами. А они даже не успевают сфотографировать эту ракету.

### ЖЕНЩИНА, КОТОРАЯ ВЫЖИЛА НА «ТИТАНИКЕ», «ОЛИМПИКЕ» И «БРИТАНИКЕ»


*Королева кораблекрушений — Вайолетт Джессоп.*



Вайолетт Констанс Джессоп работала стюардессой на лайнерах «Олимпик», «Титаник» и «Британик». Все три корабля потерпели крушение. Она выжила после каждого. Умерла она в 1971 году в возрасте 84 лет от сердечной недостаточности. После такой жизни её сердце просто устало удивляться.

### РАЗМЕР НОГИ У СТАТУИ СВОБОДЫ — 879

*Гигантская леди, у которой 879 размер обуви.*



Длина ступни статуи Свободы — 7,6 метра, а по американски это 879 размер. Я не представляю, где она покупает тапки. Наверное, в магазине «Всё для великанов». Сама статуя весит 225 тонн, и один её палец длиннее человеческой руки.

### ОСТРОВ, ГДЕ ОВЦЫ ПРАВЯТ МИРОМ

*На Фолклендах на одного человека 160 овец.*



На Фолклендских островах живут около 3140 человек, а овец — примерно 500 000. То есть на каждого жителя приходится по 160 овец. Я бы там чувствовала себя в меньшинстве. Но шерстяные свитера можно менять каждый день. Главное, чтобы травы хватило.

### ГИПЕРИНФЛЯЦИЯ В ГЕРМАНИИ 1923 ГОДА: 4,2 ТРИЛЛИОНА МАРОК ЗА ДОЛЛАР

*Купюры, которыми топили печи.*



В 1923 году в Веймарской республике инфляция достигла пика: за 1 доллар США давали 4,2 триллиона немецких марок. Люди носили деньги в мешках, а зарплату платили дважды в день, чтобы она не обесценилась. Я чувствую себя богатой, пока не вспомню, что на эти деньги даже спичек не купишь.

### САМЫЙ БЫСТРЫЙ НАБОР ВЕСА В МИРЕ

*Детёныш синего кита с мамой.*



Новорождённый синий кит весит около 2–3 тонн. Ежедневно он выпивает 90 литров материнского молока и прибавляет в весе до 44 кг. Это как каждый день рожать по новому слонёнку. Я считаю, идеальный ребёнок, если считать отличный аппетит.

### САРКОФАГ ТУТАНХАМОНА СДЕЛАЛИ ИЗ 110 КГ ЗОЛОТА

*Мальчик-фараон в золотой коробке.*



Самый внутренний саркофаг Тутанхамона, где находилась его мумия, был изготовлен из листового золота. Общий вес золота — около 110 кг. Это примерно 6 миллионов долларов по современным ценам. Я теперь понимаю, почему гробницы грабили.

### СКАФАНДРЫ ПОСЛЕ ПРОГУЛКИ ПО ЛУНЕ ПАХНУТ ГАРЬЮ

*Лунный грунт пахнет петардой.*



Астронавты «Аполлона» рассказывали, что лунная пыль имеет запах отстрелянной петарды или мокрого пепла. Это из-за химических реакций при контакте с воздухом. На самой Луне запаха нет, там отсутствует воздух.

### НА РУСИ БЛИНЫ МЕРИЛИ ЛОКТЯМИ

*Блины считают локтями.*



В старину, на Руси блины считали не поштучно, а «локтями»: высота стопки в локоть около 40 см. Баснописец Иван Крылов, славившийся аппетитом, мог съесть за раз 3 локтя блинов. А это, представьте, больше метра высотой. Я уважаю такого едока. Но представляю, сколько сметаны ещё нужно. Теперь понятно, почему он писал басни про слонов и мосек. Сам был ходячей силой.

**Источник ДЗЕН**

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 35 (1298) 11.09.2026 Алатау

МАМАН МІНБЕРІ

# АЛИМЕНТ ТӨЛЕУДІҢ ЖАҢА ТӘРТІБІ КҮШІНЕ ЕНДІ

***Бүгінгі таңда «алимент» деген ұғым жұрттшылыққа кеңінен танымал болған сөз десек артық айтқандық болмас. Ал, оның мазмұнын кейбіреулер терең түсіне бермеуі де мүмкін. Сондықтан жалпақ тілмен тағы бір түсіндіре кетсек артық болмас. Жалпы алимент дегеніміз – бір адам оны алуға құқығы бар басқа адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық көмек. Алиментті тағайындау, алу, жинау ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодексімен реттеледі. Алимент көлемі сот шешімі бойынша белгілі болады.***

Алимент төлеудің негізгі түрі баланы асырап бағуға алимент төлеу болып табылады. Осы сөзге аса мән берген жөн болар, «баланы асырап бағуға» делінген. Дегенмен, көп жағдайда ерлі-зайыптылар ерікті алимент төлеуде, табысын жасырып, аз мөлшерде төлеу үшін түрлі әрекеттерге барып жатады. Ал, шын мәнінде екі ата-ана да балаларын тәрбиелеу мен дамытуға қатысуға міндетті. Неке бұзылған жағдайда, баланы тәрбиелеу үшін ата-аналардың бірі жауапкершілікті алады, әдетте бұл анасы, бірақ ҚР заңнамасында әкесіне де анасына да балаларын алимент түрінде ұстауға материалдық көмек көрсетуді міндеттейтін нормалар қарастырылған. Алимент төлеуге міндеттелген ата-ананың бір ай сайын бір балаға табысының 1/4 бөлігін төлесе, екі балаға 1/3 бөлігін, одан көп балаға табысының жарты бөлігін төлеп отыруы керек.

Орайы келгенде айта кету керек. Кәмелетке толмаған балалар мен еңбекке қабілетсіз азаматтарды асырауға арналған қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылдың 25 тамызынан бастап Қазақстанда алимент төлеудің жаңа тәртібі күшіне енді. Енді сот орындаушылары өндіріп алған алимент қаражаты тек арнайы ашылған банктік шотқа ғана аударылады. Бұл талап 2026 жылғы 24 маусымда қабылданған «Атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңмен енгізілді. Соған сәйкес «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заң 102-1-баппен толықтырылды.

Жаңа нормаға сәйкес, алимент алушы арнайы банктік шот ашып, оның деректемелерін сот орындаушысына ұсынуы тиіс. Осы шотқа ғана өндірілген алимент қаражаты аударылады. Заң бойынша мұндай арнайы шоттағы ақшаға тыйым салынбайды және ол өндіріп алушының басқа да қарыздары бойынша өндіріп алуға жатпайды. Бұл алименттің тек өзінің тікелей мақсатына жұмсалуына мүмкіндік береді.Арнайы банктік шоттың болмауы борышкерді алимент төлеу міндетінен босатпайды. Алайда алимент алушы арнайы шоттың деректемелерін ұсынғанға дейін өндірілген қаражатты аудару мүмкін болмайды. Мұндай жағдайда сот орындаушысы өндіріп алушыны арнайы шот ашып, оның деректерін ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді. Шот ұсынылғаннан кейін жиналған қаражат толық көлемде аударылады, ал осы кезеңдегі алимент бойынша берешек сақталады. Жаңа тәртіп алимент алушылардың әлеуметтік қорғалуын күшейтіп, балалар мен еңбекке қабілетсіз азаматтарға арналған қаражаттың сақталуына қосымша кепілдік беруге бағытталған.

**Жомарт ЖОЛБОСЫНОВ,**
**Жетісу облысының**
**жеке сот орындаушысы**

АСЫЛ ҚАЗЫНА

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕ АЛАТЫН ОРНЫ ЕРЕКШЕ. БҰЛ — АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОРҒАУҒА, СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА, СОНДАЙ-АҚ ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛ.**

Сондықтан бүгінгі таңда бұл тұрғыда сот қызметкерлеріне айтарлықтай міндеттер жүктеліп отыр. Сот төрелігін жүзеге асыру саласында мемлекеттік тілді қолданудың мағынасы өте үлкен, өйткені әрбір сот шешімі орындау үшін міндетті, ол жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін айқындайды. Заң терминологиясының ерекшелігіне қарамастан, сот шешімі азаматтарға қол жетімді және түсінікті тілде баяндалуы қажет. Сот шешімінің тілдік қасиеттері – судья кәсібилігінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Атап айтсақ, сот шешімдері, талап-арыздар, шағымдар және басқа да процессуалдық құжаттар азамат үшін түсінікті тілде болуы керек. Бұл олардың өз құқықтарын нақты түсінуіне және сот процесіне тең жағдайда қатысуына мүмкіндік береді. Оның үстіне, сот актілерін шұбалаңқы сөйлемдермен емес, қысқа да нұсқа сөйлемдермен жазып, қарапайым халыққа ұғынықты ету талап етілуде.

Ендеше қазір әділ сот төрелігінің кепілі ретінде әрбір азаматтың өз құқықтары мен міндеттерін толық түсінуі, ойын еркін жеткізуі және іс материалымен танысуы сот процесінің негізгі шарты болып табылады. Соның ішінде, тіл кедергілеріне жол бермеу — бұл әділдіктің маңызды кепілі.

Мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуы құқықтық мәдениеттің дамуына, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің рөлі, оның сапалы түрде жасалуы құқықтық ұғымдардың дамуына, бірыңғай терминологияның қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі орны — бұл әділ соттың негізгі шарты, ол азаматтардың құқықтарын қорғауға және сот жүйесінің баршаға қолжетімділігіне ықпал етеді.

Мемлекеттік тілдің кез келген мемлекеттің тиімді іс-қимыл жасауының маңызды шарты болып табылатыны сөзсіз. Мемлекеттік тіл ол біздің асыл қазынамыз. Демек, мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының азаматтық борышы ғана емес, ол Қазақстан халқының бірігуінің маңызды факторларының бірі болып табылады.

**Бақытқүл МАДЫБЕКОВА,**
**Текелі қалалық соты әкімшісінің**
**басшысы**

ГЕНДЕР

# МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕГЕ МӘН БЕРІЛУДЕ

***Күнделікті күйбең тіршілігімізде гендер деген сөзді жиі еститініміз құпия емес. Өйткені, бұл кез келген мемлекетте өзекті мәселеге айналған маңызды мәселе болып табылады. Қарапайым сөзбен түсіндіретін болсақ, гендерлік саясат дегеніміз, әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу болып табылады. Сондықтан гендерлік саясат мәселесіне жан-жақты қарау керек екенін заман ағымы алға тартып отыр. 2000 жылдың қазан айында БҰҰ мыңжылдық саммитінде БҰҰ мыңжылдық декларациясы қабылданды, ондағы белгіленген сегіз мақсаттардың бірі гендерлік теңдікті қолдау болып табылды.***

Мемлекетіміздегі гендерлік саясаттың негізгі принциптері ерлер мен әйелдер үшін Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілген тең құқықты және бостандықты орнатады. Демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті бекітуде қазақстан әйелдерінің рөлі ерекше. «Әке баласын тәрбиелейді, шешесі ұлтты тәрбиелейді» деген қазақ мақалы бекер айтылмаған. Ата-бабаларымыз да әйелді құрмет тұтқан. Содан да болса керек, ұрпақ тәрбиесін әйел-анаға жүктеген.

Бүгінгі таңда еліміз батыстық үлгідегі гендерлік саясатты пайдаланып, қыз-келіншектердің құқығын қорғап, олардың қоғамдағы рөлін көтеру ісімен мемлекеттік деңгейде айналысуда. Гендерлік тең құқықтық саласындағы мемлекеттік саясат, әйелдердің экономикалық және саяси өмірге қатысуларының кеңеюі, әлемдік қоғамдастықта жоғарғы бағаға ие болды. Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру әйелдер мен ерлердің өздерінің өмір сүру құқықтарын жынысқа байланысты кемсітусіз іске асыруы үшін барлық жағдай көзделген. Осы маңызды мәселеге мән берілудің арқасында елімізде гендерлік саясат сәтті орындалып, билік тізгінін ұстаған қыз-келіншектердің саны арта түскеніне де көз жеткізудеміз. Оның үстіне гендерлік саясат, әйелдердің қоғамдағы орны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұдайы назарында. Сондықтан да, жалпы, қоғамдағы әйелдің белсенділігі осы күні аса жоғары деуге әбден негіз бар. Соның жарқын дәлеліндей олар әр салада еңбек етуде. Соның ішінде, кәсіпкерлікте де үлес салмағы басым. Мемлекет ісінде жоғары, жауапты қызметтер атқаратын әйелдер қауымы өздерінің білікті басшылығымен ерекшеленіп қана қоймай, Отанымыздың жетістіктеріне де тың дем беруде. Мұның баршасына елдегі реформалар ықпал еткенін атауға тиіспіз.

**Азиза СЫДЫҚОВА,**
**Талдықорған қалалық сотының бас**
**маманы-сот отырысының хатшысы**

ЖҮРГІЗУШІЛЕР НАЗАРЫНА

**Қазақстанда Денсаулық сақтау министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, көлік құралын қауіпсіз басқаруға медициналық қарсы көрсетілімдері бар жүргізушілерді анықтау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Осыған байланысты ДСМ азаматтарға үндеу жасады, деп хабарлайды Zakon.kz.**

# ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

2026 жылғы 4 қыркүйекте, қазақстандықтарға көлік жүргізуге кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер туралы ескертілді. "Бүгінде көлік басқаруға медициналық қарсы көрсетілімдері бар 21 мыңнан астам жүргізуші анықталды. Олардың 2246-сы әртүрлі негіздер бойынша диспансерлік есептен шығарылды. 13 мыңнан астам адамға қатысты аумақтық полиция департаменттері сотқа талап-арыз берді. Заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша 7400 жүргізуші куәлігінің қолданысы тоқтатылды", – деп хабарлады ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.

Министрлік жүргізуші құқығын шектеу адамның денсаулығына қатысты көлікті қауіпсіз басқаруға әсер етуі мүмкін медициналық қарсы көрсетілімдер анықталған жағдайда ғана мүмкін екенін атап өтті.

Көлік басқару құқығын тоқтату туралы соңғы шешімді сот қабылдайды.

Көлік басқаруға медициналық қарсы көрсетілімдердің тізімі ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің №853 бұйрығымен бекітілген.

"Абсолютті қарсы көрсетілімдерге адамның медициналық тұрғыдан көлікті қауіпсіз басқара алмайтын аурулары мен жағдайлары жатады. Олардың қатарында эпилепсия, екі көздің де соқырлығы, кейбір ауыр психикалық бұзылыстар, сондай-ақ психобелсенді заттарды қолдануға байланысты белгілі бір психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар", – деп түсіндірді министрлік.

Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігі кез келген диагноз жүргізуші куәлігінен автоматты түрде айырылуға себеп болмайтынын атап өтті.Мысалы, көру, есту немесе тірек-қимыл аппаратының кейбір бұзылыстары кезінде медициналық талаптарды сақтау немесе арнайы құралдарды – көзілдірік пен контакт линзаларын, есту аппаратын, қолмен басқару жүйесін және басқа да бейімдеу құралдарын пайдалану арқылы көлік жүргізуге рұқсат етілуі мүмкін.

"Егер жүргізушіден медициналық қарсы көрсетілімдер анықталып, заңнамада көзделген негіздер болса, тиісті ақпарат ішкі істер органдарына беріледі. Бұдан кейін негіздер болған жағдайда полиция сотқа жүгінеді", – деп хабарлады министрлік. Осылайша, Денсаулық сақтау министрлігінің мәлімдеуінше, жүргізушіде белгілі бір диагноздың болуы оның куәлігін автоматты түрде жарамсыз етпейді. Соңғы шешім заңда белгіленген тәртіппен қабылданады.

Жүргізушілерге қойылатын медициналық талаптар ең алдымен жолдардағы қауіп-қатерді азайтуға, сондай-ақ жүргізушілердің, жолаушылардың және жол қозғалысының басқа да қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Беттегі материалдар топтамасын дайындаған Ш.ХАМИТОВ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

# «ТАРИХИ ЖЕҢІСІҢІЗ ҚАЗАҚ СПОРТЫНЫҢ ДАҢҚЫН АСЫРДЫ»

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТЕННИСШІ ЕЛЕНА РЫБАКИНАНЫ "ӘЛЕМНІҢ БІРІНШІ РАКЕТКАСЫ" АТАҒЫНА ИЕ БОЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.**




– Сіз айрықша талант пен тынымсыз еңбектің және өзіңізге деген нық сенімнің арқасында WTA рейтингінде көш бастап, биік шыңды бағындырдыңыз. Осынау тарихи жеңісіңіз қазақ спортының даңқын асырды. Есіміңіз әлемдік теннис жылнамасынан ойып тұрып орын алды. Сіздің жетістікке толы жолыңыз – еліміздің жас спортшылары мен дүниенің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған теннис жанкүйері үшін үлгі-өнеге. Сонымен қатар кортта да, қоғамдық орындарда да, жұртшылықпен қарым-қатынас барысында да байқалатын жоғары мәдениетіңізді айрықша атап өткім келеді. Бұл – сөзсіз Сіздің парасатыңыз бен адами қалпыңыздың айқын көрінісі, – деп жазылған құттықтауда.

Қасым-Жомарт Тоқаев Елена Рыбакинаның чемпиондарға тән жалынды рухтан қуат алып, жаңа белестерге батыл қадам баса беруіне тілектестік білдірді.

VI ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

# Қ.К.ТОҚАЕВ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАНЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан ұлттық құрамасын VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында табысты өнер көрсетуімен құттықтады, деп хабарлайды Kursiv. Media Ақордаға сілтеме жасап.**



Президент спортшылардың жоғары нәтижеге тайсалмас табандылықтың, жанқиярлық еңбек пен мұқалмас ерік-жігердің арқасында жеткенін ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы чемпиондар мен жүлдегерлерге, бапкерлер құрамына және барша мамандарға ризашылығын білдірді. Оның айтуынша, мұндай ерен жетістіктер Қазақстанның ұлттық спорт түрлері дамыған ел ретінде халықаралық беделін одан әрі асқақтата түседі.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың алдағы ең беделді сайыстарда да биік белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді.

Айта кету керек, Қазақстан Көшпенділер ойындарында жалпыкомандалық есепте топжарды. Ойындар қорытындысы бойынша қазақстандық спортшылар 74 медаль жеңіп алды. Бұл туралы Спорт және туризм министрлігі мәлім етті. Оның ішінде 32 алтын, 20 күміс және 22 қола жүлде бар. Жалпыкомандалық есепте 30 алтын медаль иеленген Қырғызстан екінші орынға, жеті алтын жүлдесі бар Ресей үшінші орынға тұрақтады.

Қырғызстан VII Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу эстафетасын Татарстанға тапсырды. Эстафетаны табыстау рәсімі VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Чолпон-Ата қаласында өткен жабылу салтанатында өтті.

# ОБЛЫС ӘКІМІ Б.ИСАБАЕВ «ЖОЛБАРЫС» КОМАНДАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

**Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Қырғыз Республикасында 31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында өткен VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының чемпиондарын қабылдады. Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсеткен өңір спортшылары төрт күнге созылған 300 шақырымдық марафонда жеңімпаз атанды. Олар қашықтықты 19 сағат 30 минутта жүріп өтіп, қарсыластарын шамамен 1,5 сағатқа басып озды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**




«Жолбарыс» командасын айтулы жеңісімен құттықтаған Бейбіт Исабаев команда басшылығына, жаттықтырушылары мен спортшыларына 3 млн теңге көлемінде ақшалай сертификат және Алғыс хаттар табыстады.

– Қазақстан құрамасының сапында өнер көрсетіп, жалпыкомандалық есепте жеңіске жеткен топта жетісулық спортшылардың болуы – біз үшін үлкен мақтаныш. Сіздер төрт күн ішінде күрделі 300 шақырымдық қашықтықты еңсеріп, өздеріңіздің нағыз шебер, шымыр да төзімді, кәсіби мықты екендеріңізді дәлелдедіңіздер. Бәріңіз де ұлттық спорт түрлерін дамытуға зор үлес қосып келесіздер. Халықаралық деңгейдегі жарыстарда топ жарып, жаңа жеңістерге жетулеріңізге тілектеспін. Өз тарапымыздан алдағы уақытта да қолдау көрсетеміз, – деді өңір басшысы. Сондай-ақ ол спортшыларға, жаттықтырушылар мен команда құрамындағы барлық маманға өз алғысын білдірді.

Сол сияқты «Жетісу» ұлттық спорт түрлері бойынша кәсіби спорт клубының басшысы, «Жолбарыс» құрама командасының жетекшісі әрі жаттықтырушысы Рүстем Досжанов өздеріне көрсетілген қолдау үшін ризашылығын айтты.

– Жеңіске жеткеннен кейін менен жетістігіміздің сыры жайлы сұрағандар болды. Мен оларға жеңіске қолдаудың арқасында жеткенімізді айттым. Шынында да, біздің облыста ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді, түрлі деңгейдегі көптеген жарыстар ұйымдастырылады. Осының барлығы жалпы алғанда спортшыларымыздың сапалы дайындығын шындап, алға нық басуға жағдай жасап отыр, – деді ол.

Жеңімпаз спортшылар да жарыс барысындағы әсерлері жайлы айтты.

– 300 шақырымдық қашықтықты бағындыру оңай болған жоқ, оны сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Оның үстіне ауа райы бұзылып, жаңбыр жауып, артынан күн суытты. Ақтық мәреге ең алдымен командалық бірліктің, аттарымыздың төзімділігінің, оған қоса әрине, тыңғылықты дайындықтың арқасында қол жеткіздік. Меніңше, бұл – бір ғана команданың емес, бүкіл Қазақстанның жеңісі, – деді команда капитаны Жарас Төлебай.

Атап өтсек, төрт күнге созылған 300 шақырымдық марафонға жалпы саны 8 команда қатысты. Қазақстан құрамасының «Жолбарыс» командасы сапында Жетісу облысынан 4 спортшы – Жарас Төлебай, Қанат Рейімбай, Ернар Ержан, Жақсылық Ыдырыс және Қостанай облысының спортшысы Ахмет Есен өнер көрсетті. Сондай-ақ команда құрамында құрама жетекшісі әрі жаттықтырушысы Рүстем Досжанов, ат бапкері Сабыржан Нұрсапа, жаттықтырушы Дінмұхамед Шалқаруұлы және өзге де мамандар болды.

Еске салсақ, Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында көкпардан жарысқа қатысқан Қазақстанның ұлттық құрамасы сапында Жетісу облысының 2 спортшысы өнер көрсетіп, жарыс нәтижесінде команда екінші орынға ие болды.

**Суретті түсірген Дмитрий Ерофеев**

БОКС

# ЖЕКПЕ-ЖЕК МЕКТЕБІ БОКСШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

**Талдықорған қаласында бокстан 2011 - 2012 жылы туған жеткіншектер арасында өткен Жетісу облысы чемпионатында Жетісу облысының олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мен жасөспірімдердің жекпе-жек түрлері бойынша мектебінің оқушылары жақсы қырларымен көзге түсіп, бес медальды қанжығаға байлады.**












Атап айтқанда, 46 келі салмақта шаршы алаңға шыққан Балтабай Нұрзат, 48 келіде сынға түскен Санжар Мухаметжанов және 70 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Дәулет Малгеждар топжарып, облыс чемпионы атанса, Ерзат Балтабай (48 келі) және Рахым Мұратқан (52 келі) жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтеріліп, қола медальды қоржынға салды. Сөйтіп, жалпыкомандалық есепте үздік үштікті түйіндеді. Балғын боксшыларды дүбірлі додаға Қанат Бекбаев, Бақыт Жазықбаев, Рахат Оразалинов, Қамбар Аязов, Алмас Құмарбаев, Қуаныш Нұрмұханов, Нұржан Мажинов сияқты білікті бапкерлер баптап апарды.

Сүйсінерлігі сол, бұған қоса Санжар Мұхаметжанов чемпионаттың үздік боксшысына тағайындалған жүлденің иегері атанды. (Бапкері Нұржан Мажинов) Мұнымен қоса, Жекпе-жек мектебінің бапкері – Қуаныш Нұрмұханов үздік төреші болып танылып, арнаулы сыйлықтармен марапатталды.

**Ш.БАТОВ**

## КҮЛКІЛІ ӘЗІЛДЕР



Бір кішкентай бала екі қабат әйелден сұрап тұр:
— Сіз балаңызды жақсы көресіз бе?
— Иә, жақсы көремін, — деп ішін сипайды.
Сонда бала:
— Онда неге оны жеп қойғансыз?!

* * *

Көмектесіңдер!
Мектеп өртеніп жатыр.
Бәрі көмектесті:
Біреулер бензин алып келді,
Біреулер отын алып келді.

* * *

Қожадан «жасың нешеде?» десе:
— Отыздамын, — депті.
Он жылдан кейін тағы сұраса:
— Отыздамын.
— Он жыл бұрын да отызда едің ғой?
— Жігіт екі сөйлемейді!

* * *

Бір ұры автобуста дәу адамның қалтасын қарап жатады.
Анау қолын ұстап алады:
— Ей, бейшара! Менің қалтамда не бар?
— Өзім де бейшарамын, үшінші қалтаңызды қарап жатырмын, көк тиын жоқ...

* * *

— Кеше жігітім екеуміз саябақта балмұздаққа тойдық!
— Неше балмұздақ жедіңдер?
— Бір-бірден...
— Ой, сен де!
— Иә, біз нан қосып жедік.

* * *

Ауруханада:
— Ояныңыз! Ояныңыз!
— Не болды?
— Мен сізге ұйықтататын дәрі әкелдім...

* * *

Бір ұмытшақ шал таңертең тұрып, бетін жуып жатып:
— Ойбу, бетімді жумаппын ғой!

* * *

Бала әкесіне күліп келеді:
— Әке, мен бір таксисті алдап кеттім!
— Қалай?
— Ақшасын беріп, өзім мінбей қашып кеттім!

* * *

— Әже, кеше 120 жасыңызды тойладыңыз. Қалай өтті?
— Той болмады... кластастардан ешкім келмеді.

* * *

— «Я не знаю» дегенді аудара аласыз ба?
— Білмеймін.
— Сіз де білмейсіз бе? Енді кімнен сұрасам екен...

* * *

Әйелі күйеуіне:
— Сен бірінші орынға футболды қоясың!
— Жоқ, қателесесің. Екінші орында, бірінші орында бокс.

* * *

— Мама, мен автобуста бір апкеге орын бердім!
— Жарайсың, балам!
— Бірақ ол отырмады, сосын қайтадан папамның алдына өзім отырып алдым...

* * *

— Екі аяқта жүретін тышқан?
— Білмеймін
— Мики Маус! Екі аяқта жүретін үйрек?
— Дональд Дак!
— Кез келген үйрек екі аяқта жүреді!

* * *

Қарт адам алтын балық ұстап алыпты.
— Қария, мені босатшы! Кез келген үш тілегіңді орындаймын.
— Не дейді, құрғыр!

Сол кезде балық көзден ғайып болып, қалған екі тілекті орындай алмай қалыпты.

* * *

Аңшыны көрген ұрғашы қоян көжектеріне былай депті:

* * *

— Ал балалар, құлақтарыңды жабыңдар! Қазір ол бәрібір тигізе алмайды.


* * *

— Балық аулау спорт па әлде өнер ме?
— Балық ауланса - спорт, ал бұл туралы әдемілеп айтылса - өнер.

* * *

Қысқы және жазғы балық аулаудың айырмашылығы не? Сол баяғы мас күйде боласың, тек пимамен жүргенің болмаса.

**bilim-all.kz сайтынан алынды**




**Тарату аумағы:** *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

*Құрылтайшы:* Ырым КЕНЕНБАЙ

*Баспахана директоры* Бақберген ТУКИБАЕВ

*Бас редактор* Баян ТАҢАТАРОВА

*Редакция алқасы:*
Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші
Құралай МУСАНОВА - корректор-журналист
Гүлшат БІЛІСБАЙҚЫЗЫ – дизайнер-беттеуші
Айнаш БИЯХМЕТОВА – дизайнер-беттеуші

*Кезекші редактор:* Г. БАЙМҰХАН

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

*Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.*

***Редакция мекенжайы:*** *040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.*

*Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;*
*E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru*
*Сайты: alatau_gazeti*
*Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.*

*Таралымы 2000*
*Тапсырыс № 846*
*Индекс 15534*